**БЕКІТІЛДІ**
**«Standard Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ**
**Директорлар кеңесінің шешімімен**
**«13» шілде 2018ж. № 28 Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасы**

# ӨМІРДІ ЕРІКТІ ТОПТЫҚ МЕРЗІМДІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ
# «STANDARD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

***Саласы:*** *Өмірді сақтандыру*
***Нысаны:*** *Ерікті сақтандыру*
***Сақтандыру сыныбы:*** *Өмірді сақтандыру*
***Сақтандыру түрі:*** *Өмірді топтық мерзімді сақтандыру*

**Алматы, 2018 жыл**

**Мазмұны**

1-тарау. Жалпы ережелер....3

2-тарау. Сақтандыру объектісі ....5

3-тарау. Сақтандыру сомаларын, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау тәртібі....5

4-тарау. Сақтандыру жағдайларының тізбесі ....6

5-тарау. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер, сақтанушыны шектеу, сақтандыру төлемінен бас тарту ....7

6-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі, қолданылу мерзімі және орны....10

7-тарау. Медициналық тексеру ....11

8-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері ....12

9-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтанушының іс-әрекеті....15

10-тарау. Сақтандыру жағдайының басталуын және шығындар мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі....15

11-тарау. Сақтандыру төлемдерінің мөлшері, оларды жүзеге асыру тәртібі мен талаптары....17

12-тарау. Франшиза ....19

13-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары....20

14-тарау. Сақтандыру шартына өзгерістер енгізудің жағдайы мен тәртібі....21

15-тарау. Дауларды шешу тәртібі ....22

16-тарау. Қосымша шарттар ....23

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет ететін «Standard Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы осы Өмірді топтық мерзімді сақтандыру ережелерінің (бұдан әрі мәтін бойынша – Ережелер) негізінде заңды тұлғалармен өмірді топтық мерзімді сақтандыру шарттарын (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандыру шарты) жасасады.

2. Ережелерде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) **жеке тұлғаның жасы** – Сақтандырылғанның жеке басын куәландыратын құжат бойынша толық жасқа дейін азаю жағына дөңгелектелген нақты жасы.

2) **Еңбекке уақытша жарамсыздық** – адам организмінің функциялардың бұзылуы еңбекке қабілеттілікті қалпына келтіруге немесе мүгедектікті белгілеуге қажетті уақыт ішінде кәсіптік еңбекті орындаудың мүмкін болмауымен ілесе жүретін жай-күйі.

3) **Пайда алушы** – Сақтандыру шартына немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға; егер сақтанушы сақтандырылған болып табылмаса, онда сақтандырылған пайда алушы болуы тиіс немесе ол сақтандырылғанның жазбаша келісімімен тағайындалады. Егер сақтандырылғанның қайтыс болуы Сақтандыру шартында көзделген жағдай болса, сақтандырылғанның мұрагерлері пайда алушылар болып танылады.

4) **Сақтандыру шарты** – сақтандырушы мен сақтанушының арасындағы қатынастарды, сақтандыру төлемі мен сақтандыру сыйлықақысын жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдерін, сондай-ақ сақтандырылғандардың санын регламенттейтін құжат. Ережелер бойынша сақтандыру шарты жазбаша түрде жасалады.

5) **Сақтандырылған** – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға. Егер сақтанушы сақтандыру шартын өз пайдасына жасасқан жағдайда, ол сақтандырылған болып табылады. Сақтандырылғанның жасы 18-ден 65 жасқа дейін болуы тиіс, бұл ретте Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін сақтандырылғанның жасы 70 жастан аспауы тиіс. Сақтандырылғанның мүгедектігі қосымша сақтандыру қамтуының талаптарымен Сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырылғанның жасы 18-ден кем болмауы тиіс және сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталған кезде Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасында белгіленген жастан аспауы тиіс.

6) **Мүгедектік** – организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулықтың бұзылуы салдарынан адамның тіршілік әрекетінің шектелу дәрежесі. Мүгедектіктің себебі мен санатын медициналық-әлеуметтік сараптама белгілейді.

7) **Ауыр сырқат** – адам ағзасы үшін емделмейтін өліммен аяқталатын немесе орны толмас салдарлары бар, алғаш рет анықталған ауру.

8) **Жазатайым оқиға** – адамның еркінен тыс басталған, сақтандырылғанның организміне сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термиялық әсер ету нәтижесінде денсаулыққа зиян келтіруге, мертігуге не өлімге әкеп соққан кенеттен, қысқа мерзімді оқиға (уақиға). Ережелерге қатысты, жазатайым оқиға ретінде сақтандырылғанның денсаулығына зиян келтіруге, мертігуге не өліміне әкеп соққан, сақтандырылғанға қатысты үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеті түсініледі.

9) **Сақтанушы** – сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан және сақтандыру сыйлықақысын төлеген тұлға.

10) **Сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы.

11) **Сақтандыру сыйлықақысы** – пайдасына Сақтандыру шарты жасалған тұлғаға (пайда алушыға) сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін сақтанушы сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы.

12) **Сақтандыру жағдайы** – басталуы Сақтандыру шартында сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін оқиға.

13) **Сақтандыру мүддесі** – Сақтандыру шарты бойынша көзделуі мүмкін оқиғаларды қоспағанда, Сақтанушының (сақтандырылғанның, пайда алушының) тәуекелдерді болғызбайтын және сақтандыру жағдайының туындауына жол бермейтін мүліктік мүддесі.

14) **Сақтандыру сомасы** (жауапкершілік лимиті) – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы. Жиынтық сақтандыру сомасы – топтық Сақтандыру шарты бойынша барлық Сақтандырылғандар бойынша жалпы сақтандыру сомасы.

15) **Сақтандырушы** – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы басталған кезде пайдасына сақтандыру шарты жасалған тұлғаға (пайда алушыға) сақтандыру шартында айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті «Standard Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы.

16) **Дене жарақаты** – адам тіндері мен мүшелерінің анатомиялық тұтастығының, олардың функцияларының бұзылуымен ілесе жүретін және Сақтандырылғанның организміне сыртқы механикалық, термиялық, электрлік немесе химиялық әсерлердің әсер етуімен негізделген бір сәттік бұзылуы.

17) **Еңбекке қабілеттілік** – қызметкердің белгілі бір біліктіліктегі, көлемдегі және сападағы жұмысты орындауға қабілеттілігі.

18) **Жалпы еңбекке қабілеттілік** – адамның кез келген біліктілігі жоқ жұмысты орындау, қызмет көрсету қабілеті. Кәсіптік еңбекке қабілеттілік – қызметкердің белгілі бір біліктіліктегі, көлемдегі және сападағы жұмысты орындау қабілеті.

19) **Жалпы/кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу** – адамның кез келген біліктіліксіз жұмысты орындау, қызметтер көрсету қабілетін жоғалтуы/қызметкердің белгілі бір біліктіліктегі жұмысты орындау қабілетін, көлемі мен сапасын жоғалтуы.

20) **Франшиза** – сақтандыру шарттарында көзделген сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату.

3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын өзгерту нәтижесінде Ережелердің жекелеген нормалары оларға қайшы келетін болса, Ережелердің осы нормалары күшін жояды және Ережелерге тиісті өзгерістер енгізілген сәтке дейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алу қажет.

4. Бұл құжат «Standard Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-ның меншігі болып табылады, Ережелерді Басқарма төрағасының жазбаша рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға тыйым салынады.

## 2-тарау. Сақтандыру объектісі

5. Сақтандыру кезеңінде орын алған жазатайым оқиға және (немесе) ауру нәтижесінде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген сақтандырылғанның мүліктік мүдделері.

## 3-тарау. Сақтандыру сомаларын, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау тәртібі

6. Сақтандыру сомасының мөлшерін сақтанушы әрбір сақтандырылғанға белгілейді және сақтандыру шартында көрсетіледі. Егер сақтандыру шартында өзгешесі көзделмесе, бір сақтандырылғанға сақтандыру сомасы сақтандырылғанның жылдық 10 (он) жалақысынан аспауы тиіс. Қосымша сақтандыру қамтулары бойынша сақтандыру сомасының мөлшері негізгі сақтандыру қамтуының сақтандыру сомасынан бөлек белгіленуі мүмкін және сақтандыру шартында көрсетіледі.

7. Сақтандыру сыйлықақысы сақтанушы сақтандыруға берілген өтініште көрсеткен деректер негізінде сақтандырушы белгілейтін тарифтерге сәйкес есептеледі. Сақтандыру сыйлықақысы қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз ақша қаражатымен, бір жолғы немесе бөліп төленуі мүмкін. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері сақтандыру шартында белгіленеді.

8. Егер сақтандыру жағдайы төлеу мерзімі өткен белгілі бір сақтандыру жарнасын төлегенге дейін басталса (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу кезінде), Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде сақтанушының берешек сомасын ұстап қалуға құқылы.

9. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің дәрежесі өзгерген кезде сақтандыру тәуекелі дәрежесінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген сақтандырушы шарт талаптарын өзгертуді немесе тәуекел дәрежесінің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы. Егер сақтанушы сақтандыру шартының талаптарын осындай өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Сақтандыру шарты хабарламаның жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен хабарлама жіберілген сәттен бастап бұзылған болып есептеледі.

10. Сақтанушыдан оның себептерін көрсете отырып, кезекті сақтандыру жарналарын төлеуді кейінге қалдыру туралы өтініш алған кезде сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуді кейінге қалдыруға құқылы. Бұл ретте кейінге қалдыру

кезеңі күнтізбелік 30 күннен кем болмауы және сақтандырушы белгілеген мерзімнен аспауы тиіс. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы кейінге қалдырылған кезеңде сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы берешек сомасын ұстай отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

## 4-тарау. Сақтандыру жағдайларының тізбесі

11. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі кезеңінде кез келген себеппен қайтыс болуына байланысты сақтандыру шартында көрсетілген шығыстардың туындауына әкеп соққан оқиға сақтандыру жағдайы болып табылады. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде орын алған жазатайым оқиға нәтижесінде орын алған сақтандырылғанның қайтыс болуы, егер қайтыс болу жазатайым оқиға болған күннен бастап 6 (алты) ай өткен соң болса, сақтандыру жағдайы болып табылмайды.

12. Сақтандыру шартын жасасу кезінде 11-тармақта көзделген талаптардан басқа тараптар қосымша сақтандыруды қамту талаптарын көздеуі мүмкін. Қосымша сақтандыру қамтуы сақтанушының таңдауы бойынша белгіленеді және соңғысы оны сақтандыру өтінішінде көрсетеді. Қосымша сақтандыру қамтуы кезіндегі сақтандыру жағдайлары болып табылады:

1) Ережелердің 5-тарауында көзделген жағдайларды қоспағанда, жазатайым оқиға нәтижесінде сақтандырылғанның кез келген топтағы мүгедектікті белгілей отырып, еңбекке қабілеттілігінен айырылуы;

2) Ережелердің 5-тарауында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырылғанның жазатайым оқиға нәтижесінде туындаған уақытша еңбекке жарамсыздығы;

3) Ережелердің 5-тарауында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырылғанда ауыр сырқаттың туындауы;

4) Ережелердің 5-тарауында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырылғанның жазатайым оқиға нәтижесінде жарақат алуы.

Сақтандыру шарты осы тармақтың 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген қосымша қамтуларды бір мезгілде қоса отырып жасалмайды.

Сақтандырылғанның жазатайым оқиға нәтижесінде оған мүгедектік белгілене отырып, еңбекке қабілеттілігінен айырылуы, егер мүгедектік жазатайым оқиға басталғаннан кейін күнтізбелік 12 ай өткен соң белгіленсе, сақтандыру жағдайы болып табылмайды.

13. «Ауыр сырқат» қосымша қамтуы бойынша сақтандыру жағдайы сақтандыру жағдайына жататын ауыр сырқаттар тізбесінде көзделген алғаш рет анықталған ауыр сырқат болып табылады:

1) бақыланбайтын өсуі, метастаздардың болуы бар қатерлі ісіктер ретінде сараланған гистологиялық ісіктің (-тердің) дамуында көрінетін ауру, сондай-ақ лейкемия және лимфа жүйесінің ауыр сырқаттары, оның ішінде Ходжкин ауруы;

2) ЭКГ-өзгерістері инфарктіге тән миокард инфарктісі және қанда миокард жасушаларының зақымдануын растауға тән ферменттер деңгейінің ұлғаюы (АЛТ, АСТ, ЛДГ, КФК);

3) инсульт – ұзақтығы 3 (үш) айдан астам уақытқа неврологиялық симптоматиканы тудырған және ми тінінің жансыздануын (некрозын), геморрагияны және эмболияны қамтитын цереброваскулярлық өзгерістер;

4) Паркинсон ауруы;

5) оронарлық артерияларды хирургиялық емдеу жүргізілген аурулар – екі және одан да көп стеноздалған немесе бітелген коронарлық артерияларды айналма тамырлы шунттау әдісімен түзету мақсатында жүргізілген операция;

6) екі бүйрек функциясының қайтымсыз бұзылуымен және тұрақты гемодиализ немесе донорлық бүйректі трансплантаттау қажеттілігімен сипатталатын декомпенсацияланған (термальді) бүйрек жеткіліксіздігі;

7) соқырлық – бастан өткерген аурудың немесе жазатайым оқиғаның салдарынан екі көздің де көру қабілетінің толық, тұрақты жоғалуы;

8) өмірлік маңызды ағзаларды трансплантаттау – жүрек, өкпе, бауыр, ұйқы безі, аш ішек, бүйрек немесе сүйек майы сияқты өмірлік маңызды ағзаларды ауыстырып орналастыру бойынша операциялар жүргізу;

9) бұлшықет дистрофиясы – бұлшықет әлсіздігі мен бүлінуімен көрінетін адамның қаңқа бұлшықеттерінің созылмалы тұқым қуалайтын ауруы;

10) аяқ-қол сал ауруы – жазатайым оқиға немесе жұлынның ауруы салдарынан туындаған кез келген екі қол мен аяқтың қозғалу функциясының толық және қайтымсыз жоғалуы

Аталған қамту бойынша сақтандыру төлемі, егер ауыр сырқат алғаш рет сақтандыру шартының қолданылуы басталған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен ерте емес диагноз қойылған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемі ауыр сырқат диагнозы қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күнді құрайтын сақтандыру төлемін кейінге қалдыру кезеңі аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

14. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ оған келтірілген залалды дәлелдеу сақтанушыға (сақтандырылғанға) жүктеледі.

## 5-тарау. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер, сақтанушыны шектеу, сақтандыру төлемінен бас тарту

15. Егер сақтандыру шартында өзгешесі тікелей көрсетілмесе, сақтандырушы сақтанушының және (немесе) сақтандырылғанның келесі шығыстары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді көтермейді:

1) Егер сақтандыру шартында өзгешесі көзделмесе, сақтандыру мерзімі басталған кезде болған аурулармен тікелей себеп-салдарлық байланыста болатын сақтандырылғанның денсаулық жағдайының нашарлауы немесе қайтыс болуы нәтижесінде;

2) Егер сақтандыру шартында өзгешесі көзделмесе, кез келген кәсіби спортпен немесе қауіпті спорт түрлерімен айналысу нәтижесінде (экстремалды спорт түрлері, су астында жүзу, ат спорты, авиациялық, күштік және тау шаңғысы спорты түрлері, құзға шығу, альпинизм, дельтапланеризм, парашют спорты, ралли, жарыс);

3) сақтандырылғанның кез келген жарыстарға қатысуы (мақсаты ең жоғары жылдамдыққа қол жеткізу немесе өмір үшін тәуекелмен байланысты трюктерді немесе жаттығуларды орындау болып табылатын сынақтар, жарыстар, шоу-бағдарламалар).

4) сақтандырылғанның денсаулығына зиян келтірілуіне (денсаулық жағдайының нашарлауына) немесе қайтыс болуына байланысты туындаған, сақтандырылғанның өзіне қасақана дене зақымдарын (жарақаттарын) салуымен, өзін-өзі өлтіруімен ((өзін-өзі өлтіруге әрекет жасауымен), медициналық мекеменің білікті дәрігері ұйғарған, сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соққан не онымен себеп-салдарлық байланыста болған дәрілерді тұтыну жағдайларын қоспағанда, алкоголь тұтынумен, есірткі құралдарын немесе өзге де осыған ұқсас заттарды рұқсатсыз пайдаланумен себеп-салдарлық байланысы бар аурулармен;

5) сақтандырылғанның денсаулығына зиян келтірілуіне (денсаулық жағдайының нашарлауына) немесе қайтыс болуына байланысты, соғыстың кез келген салдарымен (жарияланған немесе жарияланбаған), әскери іс-әрекеттермен, маневрлермен немесе өзге де әскери іс-шаралармен; азаматтық соғыспен, терроризмге қарсы операциялармен, әртүрлі түрдегі халық толқуларымен немесе ереуілдермен; ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті уланудың әсерімен байланысты туындаған;

6) дүлей апаттар, эпидемиялар, пандемия, сондай-ақ мемлекеттік билік органдарының іс-әрекеттері мен шешімдері нәтижесінде сақтандырылғанның денсаулығына зиян келтірілуіне (денсаулық жағдайының нашарлауына) немесе қайтыс болуына байланысты туындаған;

7) сақтандырылғанның кез келген елдің қарулы күштеріндегі әскери қызметі нәтижесінде, сақтандырылғанды ұстау, қамауға алу немесе күзету нәтижесінде немесе оның бас бостандығынан айыру мерзімін өтеуі кезінде (растайтын құжаттар болған кезде);

8) осы көлік құралын басқаруға құқығы жоқ сақтандырылғанның көлік құралын басқаруы салдарынан болған жазатайым оқиғамен байланысты;

9) моральдық зиянды, жіберіп алған пайданы өтеу және тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша;

10) кез келген үлгідегі ұшу аппараттарында ұшуға байланысты туындаған (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әуе жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын әуе жолаушылар кемесін қоспағанда);

16. Егер сақтандыру жағдайы келесі жағдайлардың салдарынан орын алса, сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:

1) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, сақтанушының, сақтандырылғанның сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

2) заң актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған сақтанушының, сақтандырылғанның іс-әрекеттері.

17. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін келесілер де негіз болуы мүмкін:

1) сақтанушының сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы;

2) егер сақтандыру жағдайы шарттың қолданылу кезеңінен тыс болса;

3) сақтанушының сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруде және оған келтірілген залалдың мөлшерін белгілеуде кедергі келтіруі;

4) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыны хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу және (немесе) Ережелерде және сақтандыру шартында көзделген құжаттарды беру мерзімдерін бұзуы. Бұл ретте Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу, егер олар Сақтанушының еркінен тыс немесе сақтандыру шартымен дәлелді себептерге байланысты болса және осы фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіз болып табылмайды;

18. Егер сақтандыру жағдайы жазатайым оқиға болып табылмайтын кез келген аурудың нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде басталса, Сақтандырушы сондай-ақ Ережелердің 12-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген қосымша қамтулар бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады.

19. Ауыр сырқат қосымша қамтуы бойынша сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер болып табылады:

1) АИТВ-инфекциясы болған кезде туындаған ауыр сырқат;

2) терінің қатерлі ісіктері және IA (Tia No Mo) сатысындағы қатерлі меланома;

3) истологиялық тұрғыда қатерлі ісік алды ретінде сипатталған ісіктер;

4) гистологиялық тұрғыда Глисон (Gleason) шкаласы бойынша 6 балдан жоғары немесе T2 N0 M0 сатысына дейін жіктелген қуықасты безінің обыры;

5) кез-келген инвазивті емес қатерлі ісік (cancer in situ);

6) метастазсыз кез-келген қатерлі ісік;

7) жүректің ишемиялық ауруы себебінен туындаған жіті коронарлық синдромдар;

8) ЭКГ-ғы ST сегментінің өзгеріссіз жүрек бұлшық етінің инфаркты;

9) ми қан айналымының өтпелі бұзылулары;

10) бас миының жарақаттық зақымдануы нәтижесінде цереброваскулярлық өзгерістер (ми қан айналымының бұзылуы);

11) жүректі, өкпені, бауырды, ұйқы безін, аш ішекті, бүйректі және сүйек майын ауыстырып қондырудан басқа, ағзаларды, ағзалардың бөліктерін, жасушаларды немесе қандай да бір тіндерді трансплантаттау;

12) уақытша бүйрек диализін талап ететін жіті бүйрек жеткіліксіздігі;

13) есірткілік заттарды шамадан тыс пайдалану нәтижесінде пайда болған Паркинсон ауруы;

14) сақтандыру қорғанысының қолданылуы басталған күнге дейін анықталған ауыр сырқат;

15) шарт бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылуы басталған күннен бастап күнтізбелік 90 күн ішінде туындаған ауыр сырқат;

16) ауыр сырқаттың алғашқы анықталған күнінен бастап 30 күн ішінде сақтандырылғанның қайтыс болуы.

20. Сақтандырушы сақтанушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, сақтандыру Ережелерінде және шартта көзделген өзге де негіздер бойынша сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

21. Сақтандырушыны осы бапта көзделген сақтанушының заңсыз іс-әрекеттері себептері бойынша сақтанушы алдындағы сақтандыру жауапкершілігінен босату бір мезгілде сақтандырушыны сақтандырылғанға/пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатады.

22. Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешімді сақтандырушы қабылдайды және сақтандыру Ережелеріне сәйкес барлық қажетті құжаттар ұсынылған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде бас тарту себептерін негіздей отырып, сақтанушыға/пайда алушыға жазбаша нысанда хабарланады.

23. Сақтандыру шарты I-II топтағы мүгедектермен, психикалық, онкологиялық, созылмалы жүрек-қан тамырлары ауруларымен, ЖИТС-пен ауыратын, АИТВ-инфекциясын тасымалдайтын адамдармен жасалмайды.

24. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктердің тізбесін сақтандырушы сақтандыру талаптарына байланысты дербес айқындайды және әрбір сақтандыру шартында көрсетіледі.

## 6-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі, қолданылу мерзімі және орны

25. Сақтандыру шарты сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтанушы сақтандырушыға берген сақтандыруға арналған өтініш негізінде сақтанушының қолы қойылып және сақтандыруға арналған өтінішке сақтандырылғанның жазбаша келісімі қоса беріле отырып (топтастырылған сақтандыру кезінде сақтандырылғанның сақтандыру шартын жасасуға жазбаша келісімі талап етілмейді) жазбаша нысанда жасалады. Сақтандыру шартының жазбаша нысанын сақтамау оның жарамсыздығына әкеп соғады.

26. Сақтандыру шартына және оған қосымшаларға/қосымша келісімдерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандырушы атынан сақтандыру шартына қол қоюға уәкілетті тұлға – қызметкер немесе сақтандыру агенті қол қояды. Сақтандырушының атынан және оның тапсырмасы бойынша осындай іс-әрекеттерді жасауға сақтандырушы уәкілеттік бермеген басқа тұлғалар қол қойған сақтандыру шарттары және оған қосымшалар/қосымша келісімдер жарамсыз болып табылады.

27. Сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын айқындау үшін елеулі мәні бар, сақтанушыға белгілі

мән-жайларды хабарлауға міндетті. Кез келген жағдайда, сақтандыру шартында немесе сақтандыру шартын жасасу кезеңінде сақтанушыға жіберілген сақтандырушының жазбаша сұрау салуында көрсетілген сақтандыру ережелерінде нақты айтылған мәліметтер маңызды деп танылады.

Сақтанушы сақтандыруға өтінішке келесі құжаттардың көшірмелерін қоса береді:

1) сақтанушының ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізуге арналған құжаттарына қол қоюға уәкілеттік берілген адамның жеке басын куәландыратын құжат;

2) заңды тұлға – сақтанушыны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;

3) сақтанушының құрылтай құжаттары;

4) заңды тұлға – сақтанушы құрылтайшыларының жеке басын куәландыратын құжаттар (шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың тізілімін жүргізуді бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы жүзеге асыратын акционерлік қоғамдардың құжаттарын, сондай-ақ шаруашылық серіктестіктері құрылтайшыларының құжаттарын қоспағанда);

5) сақтандырылғандар мен пайда алушылардың жеке басын куәландыратын құжаттар және ЖСН (дербестендірілген топтастырылмаған сақтандыру жағдайында).

28. Сақтандыру шарты, егер сақтандыру шартында өзгешесі көзделмесе, сақтандыру сыйлықақысының сомасы Сақтандырушының банктік шотына түскен күннен кейінгі күннің 00 сағат 00 минутынан бастап, ал оны бөліп төлеу кезінде – Сақтандырушының банктік шотына алғашқы сақтандыру жарнасын төлеген кезде күшіне енеді және сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін әрекет етеді. Егер сақтандыру шартында өзгешесі көрсетілмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

29. Сақтандыру аумағы сақтандыру шартында көрсетілген аумақ болып табылады. Сақтандыру аумағына кірмейді:

1) шегінде әскери іс-қимылдар және (немесе) терроризмге қарсы операциялар жүргізілетін мемлекеттердің аумақтары;

2) оларға қатысты экономикалық және (немесе) әскери санкциялар қолданылған мемлекеттер;

3) шегінде эпидемия ошақтары табылған және танылған аумақтар;

4) оларға шығуды Қазақстан Республикасының СІМ ресми түрде ұсынбаған мемлекеттердің аумақтары.

## 7-тарау. Медициналық тексеру

30. Сақтандыру шартын жасасу алдында сақтандырушы сақтандырылатын адамды (сақтандырылғанды) оның нақты денсаулық жағдайын анықтау мақсатында медициналық тексеруге жіберуге құқылы.

31. Сақтандырылатын адам (сақтандырылған) жіберілетін медициналық мекемені сақтандырушы айқындайды. Сақтандыру шарты жасалғанға дейін медициналық тексеру сақтандырылатын адамның (сақтандырылғанның) есебінен жүзеге асырылады.

32. Сақтандыру шарты жасалған жағдайда сақтандырылған төлеген медициналық тексеру құнын сақтандырушы өтейді. Сақтандыру шарты жасалғаннан кейін медициналық тексеру сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысы төленген немесе бірінші сақтандыру жарнасы жүзеге асырылған жағдайда соңғысының есебінен жүзеге асырылады.

33. Медициналық тексеру сақтандырушы көрсеткен мерзімде жүргізіледі. Медициналық тексеру бойынша шығыстарды сақтандырушы медициналық қызметтерге ақы төленгенін растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда сақтандыру сыйлықақысын не бірінші сақтандыру жарнасын төлегеннен кейін өтейді.

34. Егер медициналық тексеру сақтандырушы айқындаған медициналық мекемеден өзге медициналық мекемеде жүргізілсе, онда медициналық тексеру бойынша шығыстар сақтандырушы айқындаған медициналық мекемедегі ұқсас медициналық тексеру құны шегінде ғана өтеледі.

35. Сақтандырылатын адамның (сақтандырылғанның) медициналық тексеруден өтуден бас тартуы, сол сияқты сақтандырушыға тексеруден өту мүмкін еместігінің негізделген себептерін ұсынбауы Сақтандырушының сақтандыру шартын жасасудан бас тартуына, ал егер ол жасалған болса – сақтандыру шартын бұзуға және сақтандырушыны заңнамада белгіленген тәртіппен өз міндеттемелерін орындаудан босатуға әкеп соғады.

## 8-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

36. Сақтанушы құқылы:

1) сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру шартын жасау алдында сақтанушы/сақтандырылған төлеген сақтандырылғанды медициналық тексеру бойынша шығыстарды өтеуге;

2) сақтандыру құпиясына;

3) сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

4) сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дау айтуға;

5) сақтандыру шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алуға;

6) сақтандырушы жасаған сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен танысуға;

7) сақтандыру жағдайы басталғанға дейін сақтандыру шартына сақтандырылғанның жазбаша келісімімен оның ішінде сақтандырылғандарды, пайда алушыларды ауыстыру бойынша өзгерістер енгізуге;

8) егер сақтанушы пайда алушы болып табылған жағдайда, сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асыруға;

9) егер сақтанушы пайда алушы болып табылған жағдайда, мерзімі өткен сақтандыру төлемі үшін өсімпұл алуға (өсімпұл өсімпұлды төлеу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күн үшін есептеледі);

10) Ережелермен танысуға құқылы;

11) Сақтандыру шартында сақтанушының басқа да құқықтары көзделуі мүмкін;

36. Сақтанушы міндетті:

1) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;

2) сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жазбаша хабардар етуге (егер сақтанушы сақтандырылған болып табылмаған жағдайда, мұндай міндет сақтандырылғанға не пайда алушыға жүктеледі);

3) сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын бағалау үшін маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы, сақтандыруға арналған өтінішке және Ережелерде көзделген сұрақнамаға сәйкес хабарлауға, сондай-ақ сақтандыру шартын жасасқаннан кейін сақтандыру тәуекелін ұлғайтуға қабілетті барлық фактілер туралы хабарлауға;

4) сақтандырушының талап етуі бойынша сақтандырылғанның денсаулық жағдайы туралы сақтандыру жағдайы басталғанға дейінгі уақыт кезеңіндегі құжаттарды ұсынуға;

5) сақтандыру шартын жасасу кезінде медициналық ұйымдардың дәрігерлерін сақтандыру жағдайына қатысты бөлігінде сақтандырушы алдындағы құпиялылық міндеттемелерінен босатуға міндетті. Дәрігерлерге, медициналық ұйымдарға және өзге де уәкілетті адамдарға (тұрақты тұратын (азаматтығын алған) елінде, сондай-ақ сақтандыру аумағында) сақтандырушыға оның сұрау салуы бойынша сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тексеру үшін қажетті құжаттарды (анықтамалар, қорытындылар және т. б.) беруге жазбаша уәкілеттік беруге;

6) сақтандырушының нұсқауларын орындауға;

7) сақтандырушыға сақтандыру жағдайына байланысты барлық мән-жайларды анықтау үшін қажетті сақтандыру жағдайына қатысы бар медициналық және басқа да құжаттарды қоса алғанда, барлық ақпаратты беруге;

8) орналасқан жері өзгерген жағдайда он күн мерзімде олардың мекенжайын сақтандырушыға хабарлауға міндетті. Олай болмаған жағдайда, алдыңғы орналасқан мекенжайы бойынша жіберілген сақтандырушының кез келген хабарламасы тараптар орындаған (жарамды) болып саналады;

9) егер сақтанушының немесе сақтандырылғанның орналасқан жері немесе тұрғылықты жері Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса, сақтандырушыға сақтанушыға немесе сақтандырылғанға хат-хабарды жеткізуге жауапты Қазақстан Республикасында сенім білдірілген тұлғаны көрсетуге;

10) сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламаларды, өтініштерді, талаптарды, хабарларды, түсініктемелерді жазбаша нысанда орындауға және екінші

тарапқа тікелей беруге немесе оны жөнелтуді растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберуге;

11) өзіне белгілі болған, шарт жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер шарттың қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға дереу хабарлауға міндетті.

Сақтандыру шартында сақтанушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін. Сақтанушының осы тармақтың 2-7-тармақшаларында көрсетілген міндеттері сақтандырылғанға жүктеледі.

37. Сақтандырушы құқылы:

1) сақтандыру шартында, Ережелерде және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға;

2) тиісті ұйымдардан, олардың құзыретіне қарай, сақтандыру жағдайына қатысты немесе сақтандыру жағдайының басталу фактісін және оларға келтірілген залалдардың мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

3) сақтанушы (сақтандырылған) ұсынған, сақтандыру шартын жасасуға және сақтандыру жағдайына қатысы бар ақпаратты тексеруге;

4) сақтанушының сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындауын талап етуге;

5) сақтанушы беретін ақпаратты тексеруге;

6) сақтандыру тәуекелін бағалауға, оның ішінде сақтандырылғанға оның нақты денсаулық жағдайын бағалау үшін тексеру жүргізуге;

7) сақтандыру тәуекелі ұлғайған жағдайда қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге;

8) сақтандыру сыйлықақысын уақтылы толық көлемде алуға;

9) сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарламаны ол басталған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде алуға және сақтандыру жағдайының басталғанын құжаттамалық растауға;

10) сақтандыру жарналарын төлеу мерзімі өткені үшін өсімпұл алуға (өсімпұл Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өсімпұл төлеген күні белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күн үшін есептеледі);

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Ережелерде белгіленген тәртіппен сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

12) Сақтандыру шартында сақтандырушының басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

38. Сақтандырушы міндетті:

1) сақтанушыны сақтандыру Ережелерімен және сақтандыру шартының талаптарымен таныстыруға және оның талабы бойынша Ережелердің көшірмесін ұсынуға (жіберуге);

2) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;

3) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

4) сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламаларды, өтініштерді, талаптарды, хабарларды, түсініктемелерді жазбаша нысанда орындауға және екінші тарапқа тікелей беруге немесе оны жөнелтуді растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберуге;

5) Сақтанушы (Сақтандырылған/Пайда алушы) не олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, құжаттарды толық көлемде алмаған сәттен бастап 5 (бес) күн ішінде жетіспейтін құжаттар туралы оларды хабардар етуге міндетті.

6) Сақтандыру шартында сақтандырушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

## 9-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтанушының іс-әрекеті

39. Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушы/сақтандырылған/пайда алушы сақтандырушыны ол басталған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде жазбаша хабардар етуге міндетті.

40. Сақтанушы (сақтандырылған) тексеруді немесе емдеуді орындайтын дәрігерді сақтандырушы алдындағы дәрігерлік құпияны сақтау міндетінен босатады.

41. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы туралы хабарламаларды дереу тіркеуге және соңғы құжатты алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде алынған барлық қажетті құжаттардың тізбесі мен олардың қабылданған күні көрсетілген анықтаманы өтініш берушіге беруге міндетті.

## 10-тарау. Сақтандыру жағдайының басталуын және шығындар мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

42. Сақтандыру жағдайын растау және сақтандыру төлемін алу үшін сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы өтініш және келесі құжаттар ұсынылуы тиіс:

1) сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын құжат (өндірістегі жазатайым оқиға туралы акт, травматологиялық пункттен алынған анықтама немесе уәкілетті адамның қолымен және медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған оның көшірмесі, өзге де уәкілетті органдардың немесе ұйымдардың сақтандыру жағдайларының басталу фактісін растайтын құжаттары);

2) Сақтандыру шарты (көшірмесі);

3) дәрігердің қорытындысы немесе ауру диагнозын және көрсетілген медициналық қызметтердің барлық түрлерін тізімдей отырып, сақтандыру жағдайының күнін, орнын және мән-жайларын растайтын өзге де медициналық құжаттар ((медицина саласындағы маманның ауыр сырқаттар тізбесіне енгізілген аурудың анықталғанын растайтын білікті қорытындысы бар медициналық мекеме берген құжаттардың түпнұсқалары немесе куәландырылған көшірмелері (ауру тарихынан үзінді көшірме, амбулаториялық картадан үзінді көшірме, ресми медициналық хаттама, 027-2/у нысаны, мамандануға сәйкес дәрігердің қолы қойылған қорытынды немесе анықтама, ДКК, МӘСК анықтамасы және т.

б. құжаттар, диагноз қоюға негіз болған зертханалық, аспаптық зерттеу әдістерінің нәтижелері (қорытындылары) (көшірмелері). Құжаттар уәкілетті тұлғаның қолымен және берген мекеменің мөрімен расталуы және диагноз туралы мәліметтер, диагноз қоюға негіз болған зерттеулердің деректері (диагнозды алғаш рет белгілеу күні, коронарлық артерияларға операция жүргізу, органдарды трансплантациялау қажеттілігінің негіздемесі) болуы тиіс;

4) сақтандырушының талап етуі бойынша пайда алушы сақтандыру жағдайы басталғанға дейін сақтандырылғанның денсаулық жағдайы туралы қажетті ақпаратты (амбулаториялық карта) қосымша беруге міндетті;

5) пайда алушының жеке басын және оның сақтандыру төлемін алу құқығын куәландыратын құжаттар (түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі);

6) сақтандырылған қайтыс болған жағдайда – қайтыс болуы туралы куәлік (нотариалды куәландырылған көшірмесі);

7) қайтыс болу себептері туралы патологиялық-анатомиялық (сот-медициналық) сараптама қорытындысының түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі (егер мұндай сараптама жүргізілген жағдайда);

8) пайда алушының дербес шотының нөмірі, жеке тұлғалар үшін жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) және заңды тұлғалар үшін бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН);

9) сақтанушы пайда алушы ретінде нақты адамды тағайындамаған жағдайда, мұрагерлік құқығына енгенін куәландыратын және сақтандыру төлемін алу үшін қажетті сақтанушының мұрагерлерінің құжаттары (мұраға құқық туралы куәлік, өсиет, жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқалары, дербес шотының нөмірі, ЖСН);

10) Сақтандырылғанға мүгедектік белгіленген жағдайда – мамандандырылған уәкілетті органның мүгедектікті белгілеу туралы анықтамасы (көшірмесі);

11) рентгенологиялық сурет (бар болса);

12) еңбекке уақытша жарамсыздық парағының түпнұсқасы не оның нотариалды куәландырылған көшірмесі (Сақтандырылғанның еңбекке уақытша жарамсыздығы - қосымша қамтуы бойынша).

43. Ауыр сырқатқа диагноз қою кезінде құжаттамаға қойылатын талаптар:

1) диагноз құжатты берген медициналық мекеменің қызметкері болып табылатын тиісті салада мамандандырылған сертификатталған дәрігердің медициналық зерттеулерімен расталуы тиіс;

2) медициналық құжат тиісті нормативтік актілерде белгіленген талаптарға сәйкес ресімделуі тиіс;

3) ауыр сырқаттардың, сондай-ақ әлеуметтік мәні бар аурулардың диагнозын қою үшін тиісті біліктілігі жоқ жеке практик дәрігердің медициналық құжаттары қабылданбайды;

4) ауыр сырқат диагнозын қою және растау үшін деректер жеткіліксіз болған жағдайда сақтандырушы өзі көрсеткен медициналық мекемеде сақтандырылғанға қосымша медициналық куәландыру жүргізуді тағайындау құқығын өзіне қалдырады.

Сақтандырушы жазатайым оқиға және/немесе ауыру фактісі бойынша сақтанушы (сақтандырылған, пайда алушы) ұсынған құжаттарға тексеру жүргізуге құқылы. Егер нақты мән-жайларды ескере отырып, олардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу фактісін, оның себептерін анықтауға және сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтауға мүмкіндік бермесе, сақтандырушы жоғарыда жазылған құжаттар тізбесін қысқартуға немесе сақтандырылғаннан (пайда алушыдан) қосымша құжаттарды талап етуге құқылы.

44. Сақтандырушы олардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу фактісін және келтірілген зиянның мөлшерін анықтауға мүмкіндік бермейтін қосымша құжаттар мен ақпаратты ұсынуды сұратуға құқылы.

45. Сақтандыру жағдайына қатысты құжаттар сақтандырушыға қазақ немесе орыс тілінде не нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен түпнұсқа тілінде ұсынылуы тиіс

46. Сақтандырушы Ережелердің осы бөлімінде көзделген құжаттарды алған сәттен бастап бес (жұмыс) күн ішінде сақтанушыны (сақтандырылғанды/пайда алушыны) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін жетіспейтін құжаттар туралы хабардар етуге міндетті.

## 11-тарау. Сақтандыру төлемдерінің мөлшері, оларды жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

47. Сақтандыру төлемі келесі тәртіпте жүзеге асырылады:

1) сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы немесе пайда алушы болып табылатын өзге тұлға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда ұсынады;

2) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін ұсынылған құжаттар пакеті сақтандырушыға соңғы қажетті құжат келіп түскен сәттен бастап толық ұсынылған болып есептеледі.

48. Сақтандырушы сақтандыру жағдайына қатысты барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады (немесе төлеуден бас тартады).

49. Сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, сақтандыру шартында көзделген тәртіппен біржолғы төлеммен теңгемен сақтандыру төлемін алушы көрсеткен банктік шотқа жүргізіледі. Егер аударым Қазақстан Республикасының шегінде жүзеге асырылса, сақтандыру төлемін аудару жөніндегі шығыстар сақтандырушының есебінен жүзеге асырылады. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы тиісті сақтандырылғанға арналған сақтандыру сомасы шегінде жауапты болады.

50. Егер пайда алушы сақтандыру шартына сәйкес өзіне тиесілі сақтандыру төлемін алудан бас тартқан жағдайда, сақтандыру төлемін алу құқығы сақтанушыға ауысады.

51. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандырушы пайда алушыны бұл туралы хабардар ете отырып, одан сақтанушының сақтандыру шарты бойынша

сақтандырушы алдындағы кез келген берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

52. Сақтандырылғанның кез келген себеппен қайтыс болуы негізгі сақтандыру қамтуы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандырылғанның қайтыс болуы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін сақтандырушы сақтандыру шартында көрсетілген тиісті сақтандырылғанға сақтандыру сомасының 100% мөлшерінде жүзеге асырады.

53. Жазатайым оқиға нәтижесінде кез келген топтағы мүгедектікті белгілей отырып, еңбекке қабілеттілігінен айырылу қосымша сақтандыру қамтуы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері. Егер жазатайым оқиға нәтижесінде кез келген топтағы мүгедектікті белгілей отырып, еңбек ету қабілетінен айырылу сақтандыру шартында қосымша сақтандыру қамтуы ретінде көзделсе, осы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы сақтандыру төлемін келесі мөлшерде жүзеге асырады:

1) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік тағайындалған жағдайда, сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының 50%-ынан 100%-ына дейін;

2) үшінші топтағы мүгедектік тағайындалған жағдайда, сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының 20%-ынан 100%-ына дейін.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған жағдайда, егер сақтандыру шартында өзгешесі көзделмесе, сақтандырушы сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін, бірақ тиісті сақтандырылғанға арналған сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы мен ол бойынша сақтандыру төлемдерінің сомасы арасындағы айырма шегінде жауапты болуды жалғастырады.

54. Жазатайым оқиға нәтижесінде туындаған сақтандырылғанның уақытша еңбекке жарамсыздығы қосымша сақтандыру қамтуы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері. Егер сақтандыру шартында сақтандырылғанның жазатайым оқиға нәтижесінде еңбекке уақытша жарамсыздығы қосымша сақтандыру қамтуы ретінде көзделсе, осы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы пайда алушыға сақтандырылғанның еңбекке жарамсыздығы анықталған күннен бастап бірінші немесе жетінші күннен бастап әрбір күнтізбелік күн үшін сақтандыру шартында белгіленген осы қосымша қамту бойынша сақтандыру сомасының 0,01%-дан 0,2%-ға дейін (немесе сақтандырылғанның орташа күндік жалақысының 0,5%-на дейін) сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті. Төлемдердің нақты талаптары сақтандыру шартымен белгіленеді.

Бұл ретте бір жазатайым оқиғаның басталуы салдарынан еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша сақтандыру төлемі күндерінің ең көп саны сақтандыру шартымен айқындалады және күнтізбелік 60 (алпыс) күннен 180 (жүз сексен) күнге дейін құрайды.

55. Сақтандырылғанның дене жарақатын алуы қосымша сақтандыру қамтуы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері. Егер сақтандыру шартында сақтандырылғанның дене жарақатын алуы қосымша сақтандыру қамтуы ретінде көзделсе, осы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы пайда алушыға дене жарақаттары бойынша төлемдер кестесіне (Ережелерге 1-қосымша) сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

Сақтандырылғанмен бір жазатайым оқиға нәтижесінде туындаған және «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің» бір бөлімінде ескертілген бірнеше дене жарақаттары жағдайында сақтандыру төлемі ең көп мөлшерде жарақат алуды көздейтін тармаққа сәйкес жүргізіледі.

Сақтандырылғанмен бір жазатайым оқиға нәтижесінде туындаған және «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің» әртүрлі бөлімдерінде айтылған бірнеше дене жарақаттары жағдайында сақтандыру төлемі әрбір дене жарақаты бойынша жеке жүргізіледі, бірақ сақтандыру төлемдерінің сомасы бір сақтандырылғанға осы қосымша қамту бойынша сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауы тиіс.

«Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің» бір тармағында көрсетілген бір немесе бірнеше дене жарақаттары жағдайында сақтандырылғанға сақтандыру төлемі дене жарақаттарының санына қарамастан сақтандыру төлемінің ең көп мөлшерімен жарақаттануды көздейтін тармаққа сәйкес жүргізіледі. Бір аяқ-қол үшін белгіленген дене жарақаты жағдайына сақтандыру төлемінің мөлшері (егер «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінде» өзгешесі айтылмаса) екі аяқ-қолдың ұқсас дене жарақаттары кезінде екі еселенеді.

Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы тиісті сақтандырылғанға сақтандыру сомасы шегінде жауапты болады. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін осы қосымша сақтандыру өтемі бойынша жауапкершілік көлемі жүргізілген төлем мен осы сақтандыру қамтуы бойынша сақтандыру шартында көзделген сақтандырылған бойынша сақтандыру сомасының мөлшері арасындағы айырма шегінде өз қолданысын жалғастыратын болады.

Осы қосымша қамту бойынша сақтандыру сомасы сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлеген жағдайда сақтандырудың әрбір келесі жылының басында толық көлемде жаңартылады.

Сақтандырылғанға барлық сақтандыру төлемдерінің жалпы мөлшері бір сақтандырылғанға осы қамту бойынша сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауы тиіс. Сақтандырушы «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінде» айтылмаған дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

56. Сақтандырылғанның ауыр сырқаты қосымша сақтандыру қамтуы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері. Егер сақтандыру шартында сақтандырылғанның ауыр сырқаты қосымша сақтандыру қамтуы ретінде көзделсе, осы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы сақтандыру шартында көрсетілген тиісті сақтандырылғанға сақтандыру сомасының 70%-ы мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

## 12-тарау. Франшиза

57. Сақтандыру шартында франшизаның белгіленген сомасы шегеріле отырып, залал барлық жағдайларда өтелетін франшиза көзделуі мүмкін. Франшиза мөлшері сақтандыру шартында белгіленеді.

## 13-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

58. Сақтандыру шарты келесі жағдайларда тоқтатылған болып саналады:

1) қолданылу мерзімі аяқталса;

2) қолданылу мерзімінен бұрын тоқтатылса;

3) сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асырса.

59. Нақты сақтандырылғанға қатысты сақтандыру шартының қолданылуы келесі сәттен бастап тоқтатылады:

1) сақтандыру қорғанысының қолданылуы аяқталған кезде;

2) сақтандырылған сақтандыру жағдайына байланысты емес себептер бойынша қайтыс болған, сондай-ақ тиісті құжат болған кезде ол хабар-ошарсыз кетті деп жарияланған жағдайда;

3) сақтандырушы сақтандыру сомасының (Сақтандырылған бойынша жауапкершіліктің сублимиті) толық мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырса;

4) Сақтанушы оны сақтандырылғандар тізімінен алып тастаған жағдайларда.

60. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, сақтандыру шарты келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:

1) сақтандыру объектісі бар болуын тоқтатқан кезде;

2) сақтанушы болып табылмайтын сақтандырылған оны алмастырмаған кезде қайтыс болған жағдайда;

3) сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылғанда және сақтандыру тәуекелінің болуы сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша тоқтатылғанда;

4) сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда;

5) уәкілетті органның сақтандырушыны ерікті түрде таратуға рұқсат беру туралы шешімі күшіне енген жағдайда;

6) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда;

7) сақтандыру шартында белгіленген мерзімде сақтандыру сыйлықақысын/сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу кезінде бірінші сақтандыру жарнасын төлемеу.

Көрсетілген жағдайларда, осы тармақтың 7) тармақшасын қоспағанда, сақтандыру шарты сақтандыру шартын тоқтату үшін негіз ретінде көзделген мән-жайлар туындаған кезден бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы мүдделі тарап екінші тарапты дереу хабардар етуі тиіс. Осы тармақтың 7) тармақшасында көзделген негіздер бойынша сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтандыру шарты автоматты түрде бұзылады, бұл ретте сақтандыру шартын тоқтату туралы хабарлама талап етілмейді.

61. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы сақтандырушының кінәсінен оның талаптарының орындалмауынан туындаған жағдайларда, соңғысы сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті.

62. Сақтандыру шартының тоқтатылуы сақтандырушыны сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде болған сақтандыру жағдайлары бойынша пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттен босатпайды.

63. Сақтандыру шарты басқа тараптың шарт талаптарын елеулі түрде бұзуына байланысты тарап оны орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда да бұзылған болып есептеледі. Шартты бұзуға бастамашы-тарап екінші тарапты шартты алдағы бұзу туралы алдағы бұзу күніне дейін кемінде 30 (отыз) күн бұрын хабардар етуге міндетті.

64. Осы шарт 60-тармақта көзделген негіздер бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын қайтару кезінде сақтандыру сыйлықақысының сақтандыру қолданылған уақытқа барабар бөлігіне және сақтандырушының Сақтандыру шартында көрсетілген мөлшерде істі жүргізуге арналған шығыстарына құқығы бар.

65. Сақтандырушы таратылған кезде сақтандыру сыйлықақыларын (жарналарын) қайтару Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру кезектілігіне сәйкес жүзеге асырылады.

66. Сақтанушы сақтандыру шартынан кез келген уақытта бас тартуға құқылы, егер сақтанушының бас тартуы Ережелердің 60-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды.

## 14-тарау. Сақтандыру шартына өзгерістер енгізудің жағдайы мен тәртібі

67. Сақтандыру шартының талаптарын өзгерту сақтанушының және сақтандырушының екі жақты келісімі бойынша тараптардың бірінің өтініші негізінде екінші тарап өтінішті алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі және тараптардың қосымша келісімімен ресімделеді.

68. Сақтандыру шартына енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар олар жазбаша нысанда ресімделген және оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана жарамды.

69. Сақтандыру шарты келесі жағдайларда өзгертілуге және/немесе толықтырылуға жатады:

1) сақтанушыны, сақтандырылғанды, пайда алушыны алмастырған кезде;

2) сақтанушының/сақтандырушының атауы, олардың орналасқан жері, банктік деректемелері өзгерген кезде;

3) сақтандыру қамтуының шарттары (сақтандыру жағдайларының, одан алып тастаулардың тізбесі) өзгерген кезде;

4) шарттың қолданылу мерзімі немесе сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі өзгерген жағдайларда;

5) сақтандыру шартының талаптарындағы өзге де өзгерістер кезінде.

70. Жаңа сақтандырылғандарды сақтандыруға қабылдау сақтандыру шартының қолданысынан аспайтын мерзімге жүргізіледі. Жаңа сақтандырылған 12 (он екі) айдан аз мерзімге сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандырылғандар тізіміне енгізілген жағдайда, сақтандыру сыйлықақысының мөлшері қалған сақтандыру мерзіміне пропорционалды түрде есептеледі.

71. Сақтандырылғанға қатысты сақтандыру қорғанысының қолданылуы сақтандырушыға оны сақтандырылғандар тізімінен шығару туралы сақтанушыдан жазбаша хабарлама келіп түскен күннен кейінгі күннен бастап тоқтатылады.

72. Өзіне қатысты сақтандыру төлемдері жүзеге асырылған сақтандырылған тізімінен шығарылған кезде осы сақтандырылған үшін төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды.

73. Өзіне қатысты сақтандыру төлемдері жүзеге асырылмаған сақтандырылғанды тізімнен алып тастаған кезде сақтандырушы мөлшері сақтандыру шартында көрсетілетін істі жүргізуге жұмсалған шығыстарды шегере отырып, осы сақтандырылғанға қатысты сақтандыру шарты қолданысының аяқталмаған кезеңі үшін осы сақтандырылған бойынша өзі төлеген сақтандыру сыйлықақысын сақтанушыға қайтарады.

74. Сақтандыру шарты қолданылуының өткен кезеңі сақтандыру қолданылған күнтізбелік күндерге барабар айқындалады.

75. Алып тасталған сақтандырылғандар үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтару және қайтару сомасын есептеуді сақтандырушы сақтандыру шартында белгіленген мерзімде және кезеңділікпен жүргізеді.

76. Сақтанушының жазбаша өтініші бойынша сақтандырылғандар тізімінен шығарылған сақтандырылғанды жаңа сақтандырылғанға ауыстыру жүргізілуі мүмкін. Жаңа сақтандырылғанды қосу үшін сақтанушы он күн мерзімде сақтандырушыға осындай сақтандырылғанның тегін, атын және әкесінің атын, туған күнін, сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандырылғанның денсаулық жағдайы туралы ақпаратты және сақтандырушы сұрататын өзге де қосымша ақпаратты көрсете отырып, тиісті жазбаша өтініш береді. Жаңадан сақтандырылғанға қатысты сақтандыру қорғауы тараптар сақтандырылғандар тізіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қосымша келісімге қол қойған күннен кейінгі күннен бастап әрекет ете бастайды.

## 15-тарау. Дауларды шешу тәртібі

77. Сақтандырушы мен Сақтанушы (сақтандырылған, пайда алушы) арасында туындайтын барлық дауларды тараптар тікелей келіссөздер арқылы қарайды. Тараптар келісімге қол жеткізбеген кезде, Тараптар сақтандыру шарттарынан туындайтын дауларды сотқа дейін реттеу мақсатында сақтандыру омбудсманына жүгінуге құқылы.

78. Тараптар келісімге қол жеткізбеген жағдайда даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

## 16-тарау. Қосымша шарттар

79. Тараптар бір-біріне жасайтын барлық мәлімдемелер мен хабарламалар жазбаша нысанда, хабарлау фактісін объективті түрде тіркеуге мүмкіндік беретін тәсілдермен жүргізілуі тиіс.

80. Сақтанушының сақтандырушының жазбаша сұрау салуында көрсетілген елеулі мән-жайларға қатысты сұрақтарға жауаптары болмаған кезде сақтандыру шарты жасалмайды.

81. Егер сақтандыру шарты сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына Сақтанушының жауаптары болмаған кезде жасалған болса, соңғысы сақтанушы тиісті мән-жайларды хабарламаған негізде кейіннен шартты бұзуды немесе оны жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

82. Егер шартта осындай ережелердің қолданылуы тікелей көрсетілсе және ережелердің өзі шартпен бір құжатта немесе оның сыртқы жағында жазылса не оған қоса берілсе, Ережелерде қамтылған және сақтандыру шартының мәтініне енгізілмеген талаптар сақтанушы (пайда алушы) үшін міндетті. Соңғы жағдайда шарт жасасу кезінде сақтанушыға Ережелерді ұсыну шарттағы жазбамен куәландырылуы тиіс.

**Өмірді ерікті топтық мерзімді сақтандыру ережелеріне**
**№ 1 қосымша**

**Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылғанның еңбекке қабілеттілігінен айырылуы бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесі**

| № | Дене жарақатының сипаты | Сақтандыру төлемінің мөлшері (сақтандыру сомасынан %-бен) |
|---|---|---|
| **1-БӨЛІМ. БАС СҮЙЕК СҮЙЕКТЕРІ, ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕСІ** | | |
| **1** | Бас сүйегінің сынуы | |
| | а) күмбез сүйектерінің сыртқы пластинкасы, жіктің ажырауы | 5 |
| | б) күмбезі | 15 |
| | в) негізі | 20 |
| | г) күмбезі және негізі | 25 |
| **2** | Бас сүйек ішіндегі травматикалық гематомалар | |
| | а) эпидуралдық | 10 |
| | б) субдуралдық | 15 |
| | в) эпидуралдық және субдуралдық (миішілік) | 20 |
| **3** | Мидың зақымдануы | |
| | а) мидың соғылуы, субарахноидты қан кету | 10 |
| | б) бас сүйек қуысындағы бөгде заттар (тігісті және пластикалық материалды қоспағанда) | 15 |
| | в) ми затының мылжалануы (симптоматикасын көрсетпей) | 50 |
| *Ескертпелер: 1. Егер бас сүйек-ми жарақатына байланысты бас сүйек сүйектеріне, бас миына және оның қабықтарына операциялық араласулар жүргізілсе, сақтандыру сомасының 10%-ы бір рет қосымша төленеді.<br>2. Бас сүйек-ми жарақаты нәтижесінде көздің жітілігі төмендеген немесе есту қабілеті төмендеген кезде (бас миының шайқалуы мұндай жарақаттарға жатпайды) сақтандыру төлемі осы жарақат пен көрсетілген асқынуларды ескере отырып, тиісті баптар бойынша жинақтау жолымен төленеді.* | | |
| **4** | Жүйке жүйесінің зақымдануы (жарақаттық, уытты, гипоксиялық) нәтижесінде пайда болған | |
| | а) арахноидит, энцефалит, арахноэнцефалит | 10 |
| | б) жоғарғы немесе төменгі монопарез (бір қолдың немесе аяқтың парезі) | 30 |
| | в) геми- немесе парапарез (екі қолдың немесе екі аяқтың парезі , оң немесе сол аяқ-қолдардың парезі) | 40 |
| | г) моноплегия (бір аяқ-қолдың сал ауруы) | 50 |
| | д) тетрапарез( аяқ-қолдардың парезі), қозғалыстарды үйлестірудің бұзылуы, кем ақылдық (деменция) | 70 |

| | | |
|---|---|---|
| | е) геми-, пара- немесе тетраплегия, афазия (сөйлеу қабілетінің жоғалуы), декортикация, жамбас мүшелерінің функциясының бұзылуы | 100 |
| | *Ескертпе: 4-бапта көрсетілген жүйке жүйесі жарақатының салдарына байланысты сақтандыру сомасы, егер оларды емдеу мекемесі жарақат алған күннен бастап 3 айдан ерте емес белгілеген және осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда , жарақаттың неғұрлым ауыр салдарын ескеретін тармақшалардың бірі бойынша төленеді. Бұл ретте сақтандыру сомасы жүйке жүйесінің зақымдануына әкеп соққан сақтандыру оқиғаларына байланысты төленген сақтандыру сомасына қосымша төленеді. Төлемдердің жалпы сомасы 100% аспайды.* | |
| **5.** | Бір немесе бірнеше бас сүйек-ми тамырларының сыртқы жарақаты | 10 |
| | *Ескертпе: Егер бас сүйек-ми тамырларының зақымдануы бас сүйек негізі сынған кезде пайда болса, сақтандыру сомасы 1-бап бойынша төленеді; 5-бап бұл ретте қолданылмайды.* | |
| **6.** | Жылқы құйрығының кез-келген деңгейіндегі жұлынның жарақаты | |
| | а) ауыртып алу | 10 |
| | б) қысылуы, гематомиелия, полиомиелит | 30 |
| | в) ішінара жарылу | 50 |
| | г) жұлынның толық үзілісі | 100 |
| | *Ескертпе: Егер омыртқа мен жұлын жарақатына байланысты операциялық араласулар жүргізілсе, сақтандыру сомасының 10%-ы бір рет қосымша төленеді.* | |
| **7.** | Бір аяқ-қолдың жарақаттық қабынулары (саусақ жүйкесінің қабынуын қоспағанда) | 5 |
| **8.** | Мойын, иық, бел, сегізкөз өрімдерінің зақымдануы (үзіліс, жаралануы) | |
| | а) жарақатық плексит | 10 |
| | б) өрімдердің ішінара жарылуы | 40 |
| | в) өрімнің үзілісі | 70 |
| | *Ескертпелер: 1. 7 және 8-баптар бір мезгілде қолданылмайды.*<br>*2. Жарақатқа байланысты туындаған невралгия, невропатия сақтандыру төлемі үшін негіз болмайды.* | |
| **9.** | Нервтердің үзілуі | |
| | а) қол қоспасындағы кәрі жілік, шынтақ және ортан жілік (саусақ жүйкелері) тармақтарының | 5 |
| | б) кәрі жілік-білек буыны мен тоқпан жіліктің, жіліншік немесе асықты жіліктің деңгейіндегі бір кәрі жілік, шынтақ немесе ортан жіліктің | 10 |
| | в) екі және одан да көп: кәрі жілік-білек буыны мен тоқпан жіліктің, жіліншік немесе асықты жіліктің деңгейіндегі кәрі жілік, шынтақ немесе ортан жіліктің | 20 |
| | г) бір: қолтық, кәрі жілік, шынтақ, ортан жіліктің - шынтақ буыны мен иық, құймышақ пен жамбастың | 30 |

| | | |
|---|---|---|
| | д) екі және одан көп: қолтық, кәрі жілік, шынтақ, ортан жіліктің - шынтақ буыны мен иық, құймышақ пен жамбастың | 40 |
| *Ескертпе: Табан, табан саусақтары мен білезік деңгейіндегі нервтердің жарақаты сақтандыру төлемі үшін негіз болмайды* | | |
| **2-БӨЛІМ. КӨРУ ОРГАНДАРЫ** | | |
| **10.** | Бір көздің бейімделу сал ауруы | 15 |
| **11.** | Гемианопсия( бір көздің көру өрісінің жартысының түсуі), көз алмасы бұлшықеттерінің жарақаты (жарақаттық қылилық, птоз, диплопия) | 15 |
| **12.** | Бір көздің көру өрісінің тарылуы (шоғырланбаған және шоғырланған) | 10 |
| **13.** | Бір көздің солқылдайтын экзофтальмасы | 15 |
| **14.** | Көру өткірлігінің төмендеуіне әкеп соқпаған көздің жарақаты. Көз алмасының енбейтін, енетін жарақаты, II, III дәрежелі күйіктер, гифема, гемофтальм | 3 |
| *Ескертпелер: 1. Дәрежесі көрсетілмеген көздің күюі, сондай-ақ патологиялық өзгерістерге әкеп соқпаған көздің 1 дәрежелі күюі сақтандыру төлемі үшін негіз болмайды. 2. Егер 14-бапта санамаланған жарақаттар көру өткірлігінің төмендеуіне әкеп соқса, сақтандыру сомасы 20-бапқа сәйкес төленеді; 14-бап бұл ретте қолданылмайды. Егер көз алмасының жарақатына байланысты 14-бап бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылса, ал одан әрі жарақат көру өткірлігінің төмендеуімен қиындаса және бұл сақтандыру төлемін үлкен мөлшерде жүзеге асыруға негіз болса, бұрын жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің сомасы ұсталады. 3. Көру өткірлігінің төмендеуіне әкеліп соқпаған, көздің қабығындағы беткейлік бөгде заттар, көз алмасының контузиясы сақтандыру төлемі үшін негіз болмайды.* | | |
| **15.** | Бір көздің жас өткізгіш жолдарының функциясының бұзылуына әкеп соққан жарақаты | 5 |
| **16.** | Көз жарақатының салдары | |
| | а) кератит, иридоциклит, хориоретинит | 5 |
| | б) көз бұршағының жылжуы (протезделгеннен басқа), трихиаз (кірпіктің дұрыс өспеуі), қабақтың қайырылуы, көз алмасы мен көз ұясының тіндеріндегі алынбаған бөгде денелер, көз алмасы мен қабақ қабықтарының тыртықтары (теріні қоспағанда) | 10 |
| *Ескертпе: Егер окулист дәрігер көз жарақатынан кейін 3 ай өткен соң 10, 11, 12,13, 16-баптарда санамаланған патологиялық өзгерістер бар екенін және көру өткірлігінің төмендегенін анықтаған жағдайда, сақтандыру төлемі барлық салдарларды ескере отырып, қосу жолымен, бірақ бір көз үшін сақтандыру сомасының 50%-ынан аспайтын мөлшерде жүргізіледі.* | | |
| **17.** | Төмендегілерге алып келген көздің (көздердің) жарақаты | |
| | а) кез-келген көру қабілеті бар бір көздің немесе екі көздің көру қабілетінің толық жоғалуы | 100 |
| | б) 0,1-ден төмен емес көру қабілеті бар бір көздің көру қабілетінің толық жоғалуы | 40 |
| **18.** | Көз алмасының жарақаттануы нәтижесінде алып тастау (жарақатқа дейін көзі көрсе де, көзі соқыр болса да) | 10 |

| | | |
|---|---|---|
| **19.** | Көз шарасының сынуы | 10 |
| **20.** | Көру өткірлігінің төмендеуіне әкеп соққан көздің зақымдануы (№1 кестені қараңыз) | |
| *Ескертпелер: 1. Жарақат нәтижесінде көру өткірлігінің төмендеуіне және басқа да зардаптарға байланысты сақтандыру төлемі туралы шешім емдеу аяқталғаннан кейін, бірақ жарақатқа әкеп соққан жазатайым оқиға күнінен бастап 3 айдан ерте емес мерзімде қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін Сақтандырылған екі көздің көру өткірлігін (түзетуді есепке алмағанда) және басынан өткен дене жарақатының басқа да салдарын анықтау үшін дәрігер-окулистке жіберіледі. Мұндай жағдайларда алдын ала сақтандыру төлемі 14, 15, 19-баптар бойынша жарақаттарды ескере отырып жүргізілуі мүмкін.<br>2. Егер жарақаттанған көздің көру өткірлігі туралы ақпарат жарақат алғанға дейін болмаса, онда шартты түрде ол жарақаттанбаған көзбен бірдей болды деп ескеру керек. Алайда, егер жарақаттанбаған көздің көру өткірлігі жарақаттанғанға қарағанда төмен болса, шартты түрде жарақаттанған көздің көру өткірлігі 1,0 болды деп ескеру керек.<br>3. Егер жарақаттың нәтижесінде екі көз де зақымдалған болса және жарақатқа дейін олардың көру қабілеті туралы ақпарат болмаса, шартты түрде олардың көру өткірлігі 1,0 болды деп ескеру керек.<br>4. Егер көру өткірлігінің жарақаттан кейінгі төмендеуіне байланысты жасанды көз бұршағы имплантацияланған немесе түзетуші линза қолданылған жағдайда, сақтандыру төлемі операцияға дейінгі көру өткірлігін ескере отырып жүзеге асырылады.<br>5. Толық соқырлыққа (0,00) көру өткірлігі 0,01-ден төмен және жарықты сезуге дейін (саусақтардың есебі) теңестіріледі.* | | |
| **3-БӨЛІМ. ЕСТУ МҮШЕЛЕРІ** | | |
| **21.** | Салдарынан келесілер пайда болған құлақ қалқанының жарақаты | |
| | а) құлақ қалқанының 1/3 бөлігіне дейін болмауы | 5 |
| | б) құлақ қалқанының 1/3 – ½ бөлігінің болмауы | 7 |
| | в) құлақ қалқанының ½ бөлігінен артық болмауы | 10 |
| *Ескертпе: 21-бап бойынша сақтандыру төлемі туралы шешім жара жазылғаннан кейін жүргізілген куәландыру негізінде қабылданады.* | | |
| **22.** | Есту қабілетінің төмендеуіне әкеп соққан бір құлақтың жарақаты | |
| | а) 1-ден 2 м-ге дейінгі қашықтықта сыбырлап сөйлеу (аудиограмма деректері бойынша 500, 1000, 4000 гц жиіліктеріне байланысты 30-50 дб-ға төмендеуі) | 5 |
| | б) сыбырлау-0, сөйлесу 1 м-ге дейін (аудиограмма деректері бойынша 500, 1000, 4000 гц жиіліктеріне байланысты 60-80 дб-ға төмендеуі) | 15 |
| | в) толық саңыраулық (ауызекі сөйлеу – 0) | 35 |
| *Ескертпе: 1. 22-бап бойынша сақтандыру төлемі туралы шешім аспаптық зерттеулердің деректері бойынша емдеу аяқталғаннан кейін жүргізілген куәландыру негізінде, бірақ жарақат алған күннен бастап 3 айдан ерте емес қабылданады.* | | |
| **4-БӨЛІМ. ТЫНЫС АЛУ ЖҮЙЕСІ** | | |
| **23.** | Сүйектің, мұрын шеміршегінің, маңдай сүйегінің алдыңғы бетінің, гаймор қойнауының, торлы сүйек кеңсірігінің сынуы, шығып кетуі | 5 |
| **24.** | Салдарынан төмендегілер туындаған көкірек қуысы мен оның органдарының жарақаты | |
| | а) өкпе жеткіліксіздігі (жарақат алған күннен бастап 3 ай өткен соң) | 10 |

| | | |
|---|---|---|
| | б) өкпенің үлесін, бөлігін алып тастау | 25 |
| | в) бір өкпені алып тастау | 50 |
| *Ескертпе: 24-баптың б) немесе в) тармақтары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде 24-баптың а) тармағы қолданылмайды.* | | |
| **25.** | Жарақатқа байланысты кеуде қуысының кесіп-жаншылған жарақаты, торакоскопия, торакоцентез, торакотомия | |
| | а) кеуде қуысы мүшелеріне зақым келтірместен, енуімен байланысты жүргізілген, торакотомия жүргізуді талап етпейтін торакоскопия, торакоцентез | 5 |
| | б) кеуде қуысы мүшелеріне зақым келтірілмеген кездегі торакотомия | 10 |
| | в) кеуде қуысы мүшелері зақымданған кездегі торакотомия | 15 |
| | г) қайталама торакотомиялар (олардың санына қарамастан) | 5 |
| *Ескертпелер: 1. Егер кеуде қуысы мен оның органдарының жарақатына байланысты өкпені немесе оның бір бөлігін алып тастау жүргізілсе, сақтандыру төлемі 24-бапқа сәйкес жүзеге асырылады; бұл ретте 25-бап қолданылмайды.<br>2. Егер кеуде қуысының жарақатына байланысты торакоскопия, торакоцентез, торакотомия жүргізілсе, сақтандыру төлемі ең күрделі араласуды ескере отырып, бір рет жүзеге асырылады.* | | |
| **26.** | Функциялардың бұзылуына әкеп соқпаған көмейдің, кеңірдектің, қалқанша шеміршектің жарақаты, тіл асты сүйегінің сынуы, жоғарғы тыныс жолдарының күйігі. | 5 |
| **27.** | Көмейдің, кеңірдектің, тіл асты сүйегінің, қалқанша шеміршектің жарақаты, өзіне әкеп соққан жарақатқа байланысты жүргізілген трахеотомия: | |
| | а) жарақаттан кейін кемінде 3 ай бойы дауысты жоғалту, трахеотомиялық түтікті тағу | 10 |
| | б) жарақаттанғаннан кейін кемінде 6 ай бойы дауысты жоғалту, трахеотомиялық түтікті тағу | 15 |
| *Ескертпе: Егер сақтанушы өз мәлімдемесінде жарақаттың көмей немесе кеңірдек функциясының бұзылуына әкеп соққанын көрсеткен жағдайда, 27-бап бойынша сақтандыру төлемі 26-бап бойынша жарақатқа байланысты жүзеге асырылған сақтандыру төлеміне қосымша жүргізіледі; жарақаттан кейін 3 ай өткен соң маманның қорытындысын алу қажет. Осы мерзімге дейін сақтандыру төлемі 26-бап бойынша жүргізіледі.* | | |
| **5-БӨЛІМ. ЖҮРЕК-ҚАНТАМЫР ЖҮЙЕСІ** | | |
| **28.** | Жүрек-қантамыр жеткіліксіздігіне әкеп соқпаған жүректің, оның қабықтарының және ірі магистральды тамырлардың жарақаты. | 15 |
| **29.** | Жүрек-қантамыр жеткіліксіздігіне әкеп соққан жүректің, оның қабықтарының және ірі магистральды тамырлардың жарақаты | |
| | а) 1 дәрежелі | 15 |
| | б) 2-3 дәрежелі | 25 |
| *Ескертпе: Егер анықтамада жүрек-қан тамырлары жеткіліксіздігінің дәрежесі көрсетілмесе, 29-бап бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.* | | |
| **30.** | Келесі деңгейдегі ірі шеткергі қан тамырларының жарақаты (қан айналымының бұзылуына әкеп соқпаған) | |
| | а) иық, жамбас | 10 |
| | б) білек, жіліншік | 5 |

| | | |
|---|---|---|
| **31.** | Тамыр жеткіліксіздігіне әкеп соққан ірі шеткергі қан тамырларының жарақаты | 15 |
| *Ескертпелер: 1. Ірі магистральдық тамырларға мыналар кіруі керек: қолқа, өкпе, аты жоқ, ұйқы күретамыры, ішкі мойындырық көктамырлары, жоғарғы және төменгі жайылма көктамыр, қақпалық көктамыр, сондай-ақ ішкі ағзалардың қан айналымын қамтамасыз ететін негізгі тамырлар.<br>Ірі шеткері тамырларға келесілер жатады: бұғана асты, қолтық асты, иық, шынтақ және кәріжілік күретамыры, мықын, жамбас, тақым, алдыңғы және артқы асықты жілік артериялары; иық-бас, бұғана асты, қолтық асты, жамбас және тақым тамырлары.<br>2. Егер төлем туралы өтініште жарақат жүрек-қантамыр жүйесі функциясының бұзылуына әкелгені көрсетілсе, маманның қорытындысын алу қажет.<br>3. 29, 31-баптар бойынша сақтандыру төлемі, егер осы баптарда көрсетілген жарақаттың асқынулары медициналық мекемеде жарақаттан кейін 3 ай өткен соң анықталса және осы мекеменің анықтамасымен расталса, қосымша жүргізіледі. Осы мерзімнен бұрын сақтандыру төлемі 28,30-баптар бойынша жүргізіледі<br>4. Егер ірі тамырлардың жарақатына байланысты тамыр арнасын қалпына келтіру мақсатында операциялар жүргізілсе, сақтандыру сомасының 5% мөлшерінде бір рет қосымша сақтандыру төлемі жүзеге асырылады.* | | |
| **6-БӨЛІМ. АС ҚОРЫТУ МҮШЕЛЕРІ** | | |
| **32** | Жоғарғы жақтың, бет сүйегінің немесе төменгі жақтың сынуы | |
| | а) бір сүйектің сынуы | 5 |
| | б) екі немесе одан да көп сүйектің сынуы немесе бір сүйектің екі жерден сынуы | 10 |
| *Ескертпелер: 1. Тістен айырылу кезінде пайда болған ұяшықтық өсіндінің сынуы сақтандыру төлемі үшін негіз болмайды. 2. Егер жақтың жарақатына байланысты оперативтік араласулар жүргізілсе, сақтандыру сомасының 5%-ы бір рет қосымша төленеді.* | | |
| **33** | Салдарынан келесілердің болмауына әкеп соққан жақ сүйегінің жарақаты | |
| | а) жақ сүйегінің бөлігі (ұяшықтық өсіндіні қоспағанда) | 40 |
| | б) төменгі жақтың толық болмауы | 35 |
| *Ескертпелер: 1. Төменгі жақтың толық ақауына немесе жақ бөлігінің болмауына байланысты сақтандыру төлемі кезінде олардың санына қарамастан тістердің жоғалуы да қосылады.<br>2. Жақ сүйегінің жарақаты ауыз қуысының басқа мүшелерінің жарақатымен қоса болған жағдайларда (34-бап) сақтандыру төлемі түрінде төленуге жататын сақтандыру сомасының пайызы осы зақымдануларды ескере отырып, тиісті баптар бойынша қосу жолымен айқындалады.<br>3. 33-бап бойынша сақтандыру төлемі кезінде операциялық араласулар үшін қосымша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.* | | |
| **34** | Салдарынан төмендегілерге әкеп соққан тіл жарақаты | |
| | а) тілдің ұшының болмауы | 5 |
| | б) тілдің дистальды үштен бір бөлігінің болмауы | 10 |
| | в) тілдің орташа үштен бір деңгейде болмауы | 20 |
| | г) тамыр деңгейінде тілдің болмауы немесе тілдің толық болмауы | 50 |

| | | |
|---|---|---|
| **35.** | Жұтқыншақтың, өңештің, асқазанның, ішектің жарақаты (жаралануы, жыртылуы, күюі), сондай-ақ осы зақымдануларға байланысты немесе өңештен, асқазаннан бөгде денелерді алып тастау мақсатында жүргізілетін, функционалдық бұзылуларға әкеп соқпаған эзофагогастроскопия | 5 |
| **36** | Өңештің жарақаты (жаралануы, жарылуы, күюі) | |
| | а) өңештің тарылуына себеп болған | 40 |
| | б) өңештің бітелуі (гастростома болған кезде), сондай-ақ өңеш пластикасынан кейінгі жағдай | 80 |
| *Ескертпе: 36-бап бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері жазатайым оқиға болған күннен бастап кемінде 6 айдан кейін айқындалады. Осы мерзімнен бұрын сақтандыру төлемі алдын ала 35-бап бойынша жүзеге асырылады және оның мөлшері 36-бап бойынша төленуге тиісті сақтандыру төлемінің мөлшерінен шегеріледі.* | | |
| **37.** | Алдыңғы құрсақ қабырғасының, диафрагманың дене жарақатының орнында немесе операциядан кейінгі тыртық аймағында пайда болған грыжа, егер операция жарақатқа байланысты жүргізілсе немесе осындай грыжаға байланысты операциядан кейінгі жағдай | 5 |
| *Ескертпелер: 1. Егер осы бап бойынша грыжа осы жарақаттың тікелей салдары болса, 37-бап бойынша сақтандыру төлемі іш қуысының жарақатына байланысты анықталған сақтандыру төлеміне қосымша жүзеге асырылады.<br>2. Ауырлықтың жоғарылауы нәтижесінде пайда болған іштің грыжалары (кіндік, ақ сызық, шап және шап-ұма) сақтандыру төлеміне негіз болмайды.* | | |
| **38.** | Салдары төмендегілерге әкеп соққан жарақаттың нәтижесінде болған бауырдың жарақаты | |
| | а) жедел араласуды қажет етпеген бауырдың капсулалық жарылуы, тікелей жарақатқа байланысты дамыған гепатит, сарысулық гепатит | 5 |
| | б) бауыр жеткіліксіздігі | 10 |
| **39** | Салдарынан төмендегілер туындаған бауыр, өт қабының жарақаты | |
| | а) бауырдың жыртылуын тігу немесе өт қабын алып тастау | 15 |
| | б) бауыр бөлігін алып тастау | 20 |
| | в) бауыр мен өт қабының бір бөлігін алып тастау | 30 |
| **40** | Салдарынан төмендегілерге әкеп соққан көкбауырдың жарақаты | |
| | а) операциялық араласуды қажет етпеген көкбауырдың жарылуы | 5 |
| | б) көкбауырды алып тастау | 20 |
| **41.** | Салдарынан төмендегілерге әкеп соққан асқазанның, ұйқы безінің, ішектің, шажырқайдың жарақаттануы | |
| | а) ұйқы безінің жалған кистасының пайда болуы | 20 |
| | б) асқазанның, ішектің, ұйқы безінің бір бөлігін резекциялау | 30 |
| | в) асқазан резекциясы | 60 |
| *Ескертпелер: 1. Осы бөлімнің бір бабының бірнеше тармағында санамаланған жарақаттың салдарлары туындаған жағдайда, сақтандыру төлемі сақтандыру төлемінің ең көп мөлшерін көздейтін сақтандыру төлемінің біреуіне сәйкес жүзеге асырылады.<br>2. Әртүрлі баптарда санамаланған жарақаттың салдары туындаған жағдайда сақтандыру төлемі әрбір бапты ескере отырып, қосу жолымен жүргізіледі.* | | |
| **42** | Іш қуысының жарақатымен байланысты жүргізілген | |

| | | |
|---|---|---|
| | а) лапароскопия (лапароцентез) | 5 |
| | б) іш мүшелерінің жарақатына күдік болған кездегі лапаротомия (оның ішінде лапароскопиямен, лапароцентезбен) | 10 |
| | в) іш мүшелері зақымданған кездегі лапаротомия (оның ішінде лапароскопиямен, лапароцентезбен) | 15 |
| *Ескертпе: Егер құрсақ қуысы ағзаларының жарақатына байланысты 39-41-бап бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін негіздер болса, сақтандыру төлемі көрсетілген бапқа сәйкес жүргізілуі тиіс жағдайларды қоспағанда, 42-бап қолданылмайды.* | | |
| **7-БӨЛІМ. ЗӘР ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ЖЫНЫСТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР** | | |
| **43** | Салдарынан төмендегілерге әкеп соққан бүйрек жарақаты | |
| | а) операциялық араласуды қажет етпейтін бүйректің ауырсынуы, бүйректің қапшық асты жарылуы | 5 |
| | б) бүйрек бөлігін алып тастау | 25 |
| | в) бүйректі алып тастау | 50 |
| **44.** | Несеп шығару жүйесі мүшелерінің (бүйректің, несепағардың, қуықтың, несеп шығару каналының) жарақаттануы | |
| | а) жіті бүйрек жеткіліксіздігі | 10 |
| | б) ұзақ басып-жаншу синдромы (травматикалық токсикоз, краш-синдром, мелжемдеу синдромы) | 30 |
| | в) созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі | 40 |
| | г) несеп-жыныс жыланкөздері | 50 |
| *Ескертпелер: 1. Егер жарақат нәтижесінде несеп шығару жүйесінің бірнеше ағзаларының функциялары бұзылса, сақтандыру төлемінің мөлшері дене жарақатының неғұрлым ауыр салдарын ескеретін 44-баптың бір тармағы бойынша анықталады.<br>2. 44-тармақтарда санамаланған жарақаттың салдарына байланысты сақтандыру төлемі бұл асқынулар жазатайым оқиғадан кейін 3 ай өткен соң болған жағдайда жүргізіледі. Осы мерзімнен бұрын сақтандыру төлемі 43-бап бойынша жүзеге асырылады және оның мөлшері 44-бап бойынша төленуге тиісті сақтандыру төлемінің мөлшерінен шегеріледі.* | | |
| **45** | Салдарынан төмендегілерге әкеп соққан жыныстық жүйенің жарақаты | |
| | а) бір аналық безді, жатыр түтігін, аталық безді алып тастау | 15 |
| | б) екі аналық бездерді, екі жатыр түтігін, аталық бездерді, жыныс мүшесінің бөлігін алып тастау | 30 |
| | в) келесі жастағы әйелдердің жатырдан айырылуы | |
| | 40 жасқа дейін | 50 |
| | 40 жастан 50 жасқа дейін | 30 |
| | 50 жас және одан жоғары | 15 |
| | г) жыныс мүшесінен және екі аталық безден айырылуы | 50 |
| **8-БӨЛІМ. ЖҰМСАҚ ТІНДЕР** | | |
| **46** | Күйіктер (№2 кестені қараңыз) | |
| *Ескертпелер: 1. Тыныс алу жолдарының функциясының бұзылуына әкеп соққан күйіктері кезінде сақтандыру төлемі сақтандыру сомасының 10%-ын құрайды.<br>2. Зардап шеккен адамның дене бетінің 1%-ы оның қолының алақан бетінің ауданына тең.* | | |

| | | |
|---|---|---|
| **47** | Жұмсақ тіндердің жарақаты | |
| | а) бұлшықеттің (бұлшықеттердің) жарылуы, алынып тасталмаған бөгде денелер, сіңірілмеген гематома | 3 |
| | б) сіңірлердің, байламдардың жарылуы (қол саусақтарының сіңірлерінен, ахилл сіңірлерінен басқа), аутотрансплантатты алу | 5 |
| *Ескертпе: Гематомаға байланысты сақтандыру сомасы, егер аталған жарақаттың асқынуы сақтандырылған тұлғада жарақаттан кейін 1 ай өткен соң болған жағдайда төленеді.* | | |
| **9-БӨЛІМ. ОМЫРТҚА, КЕУДЕ ҚУЫСЫ** | | |
| **48.** | денелердің, доғалардың және омыртқалардың буын өсінділерінің сынуы, сынып - шығып кетуі немесе шығып кетуі (сегізкөз бен құйрықтан басқа) | |
| | а) бір-екі | 20 |
| | б) үш-бес | 35 |
| | в) алты және одан көп | 50 |
| **49.** | Омыртқааралық байламдардың үзілуі (стационарлық емдеу мерзімі кемінде 14 күн болғанда) | 5 |
| **50** | Әр көлденең немесе қылқанды өсіндінің сынығы. | 2 |
| **51** | Сегізкөздің, құймышақтың сынуы | 5 |
| **52** | Кеуде қуысының сынуы | 5 |
| **53** | Әр қабырғаның сынуы немесе шеміршек бөлігіндегі сыну (қабырға доғасы) | 2 |
| *Ескертпелер: 1. Егер омыртқа бағанының (оның ішінде құйымшақ пен сегізкөздің) жарақатына байланысты операциялық араласулар жүргізілсе, сақтандыру сомасының 10% мөлшерінде, консервативтік емдеу кезінде 5% мөлшерінде бір реттік қосымша сақтандыру төлемі жүзеге асырылады.<br>2. Егер омыртқаның сынуы немесе шығуы жұлынның жарақатымен қатар жүретін болса, сақтандыру төлемі екі зақымдануды қоса есептеу арқылы жүргізіледі.<br>3. Егер бір жарақаттың нәтижесінде омыртқа денесінің сынуы, байламдардың жарақаты, көлденең немесе омыртқа өсінділерінің сынуы болса, сақтандыру төлемі бір рет ең ауыр жарақат алуды көздейтін бап бойынша төленуі тиіс.<br>4. Реанимациялық шаралар кезінде қабырғалары сынған жағдайда сақтандыру сомасы жалпы негізде төленеді.<br>5. Егер емдеу мекемелерінен зақымдалған қабырғалардың саны туралы әртүрлі мәліметтермен бірнеше анықтама болса, стационардан немесе жарақатқа байланысты емдеу жүргізілген соңғы емдеу мекемесінен анықтама алынады немесе шешім рентгенограммалардың дәрігер –кеңесшісінің зерттеуі негізінде қабылданады.* | | |
| **10-БӨЛІМ. ҚОЛДАР: ЖАУЫРЫН, БҰҒАНА** | | |
| **54.** | Жауырынның, бұғананың сынуы, акромиальді-бұғаналық, кеуде-бұғана буындарының толық немесе ішінара жарылуы | |
| | а) бір сүйектің сынуы, шығуы, бір буынның жарылуы | 5 |
| | б) екі сүйектің сынуы, бір сүйектің екі жерден сынуы, екі буынның жарылуы немесе сынуы, бір сүйектің шығуы және бір буынның жарылуы, бұғананың шығып-сынуы | 10 |
| | в) екі буынның жарылуы және бір сүйектің сынуы, екі сүйектің сынуы және бір буынның жарылуы | 15 |

| | | |
|---|---|---|
| | г) жабыспаған сынық (жалған буын) | 15 |
| *Ескертпелер: 1. Егер 53-бапта санамаланған зақымдарға байланысты операциялық араласулар жүргізілген жағдайда, сақтандыру сомасының 5%-ы мөлшерінде бір рет қосымша сақтандыру төлемі жүргізіледі.<br>2. Егер жарақаттың бұл асқынуы 53 а), б), в) тармақтарына сәйкес медициналық мекемеде жазатайым оқиғадан кейін 6 ай өткен соң анықталса және осы мекеменің анықтамасымен расталса, сынуға (сынуларға) (жалған буынға) байланысты сақтандыру төлемі жүзеге асырылады. Бұл төлем қосымша болып табылады, бір рет жүргізіледі.* | | |
| **11-БӨЛІМ. ҚОЛДАР: ИЫҚ БУЫНЫ** | | |
| **55.** | Иық буыны аймағының жарақаттары (жауырынның буын ойығы, иық сүйегінің басы, анатомиялық, хирургиялық мойын, түйнектербұдырмақтар, буын сөмкесі) | |
| | а) сіңірлердің жарылуы, буын капсулалары, сүйек фрагменттерінің үзілуі, оның ішінде үлкен бұдырмақ, жауырынның буын ойығының сынуы, иықтың шығуы | 5 |
| | б) иықтың сынуы (анатомиялық, хирургиялық мойын басы), иықтың сынып-шығуы | 10 |
| **56** | Салдарынан төмендегілерге әкеп соққан иық белдігінің жарақаттары | |
| | а) буында қозғалыстың болмауы (анкилоз) | 15 |
| | б) оның құраушы сүйектерінің буын беттерін резекциялау нәтижесінде «алмалы-салмалы» иық буыны | 30 |
| *Ескертпелер: 1. 56-бап бойынша сақтандыру төлемі, егер осы бапта аталған асқынуларды медициналық мекеме жарақаттан кейін 6 ай өткен соң белгілесе және осы мекеменің анықтамасымен расталса, иық буыны саласындағы зақымдануларға байланысты жүзеге асырылған сақтандыру төлеміне қосымша жүргізіледі.<br>2. Егер иық буынының жарақатына байланысты жедел араласу жүргізілетін болса, сақтандыру сомасының 10%-ы мөлшерінде бір рет қосымша төлем төленеді.* | | |
| **12-БӨЛІМ. ҚОЛДАР: ИЫҚ.** | | |
| **57** | Иық сүйегінің сынуы | |
| | а) буындар аймағын қоспағанда, кез келген деңгейде (жоғарғы, орта, төменгі үштен бір) | 10 |
| | б) Қос сынық | 20 |
| **58** | Бітпеген сынықтың (жалған буынның) пайда болуына әкеп соққан иық сүйегінің сынуы | 30 |
| *Ескертпелер: 1. 58-бап бойынша сақтандыру төлемі, егер көрсетілген асқынулар медициналық мекемеде жарақаттан кейін 3 ай өткен соң анықталса, иықтың жарақатына байланысты жүзеге асырылған сақтандыру төлеміне қосымша жүргізіледі.<br>2. Егер иық аймағының жарақатына байланысты операциялық араласулар жүргізілсе (бастапқы хирургиялық өңдеуді және бөгде денелерді алып тастауды қоспағанда), сақтандыру сомасының 10%-ы бір рет қосымша төленеді.* | | |
| **59** | Қолдың жарақаттық ампутациясы немесе ампутацияға әкеп соққан ауыр зақымдануы | |
| | а) қолдың жауырыны, бұғанасы немесе бір бөлігі бар | 70 |
| | б) кез келген деңгейдегі иық | 50 |
| | в) иық деңгейіндегі жалғыз қол | 70 |
| *Ескертпе: Егер сақтандыру төлемі 59-бап бойынша төленсе, операциялық араласулар, операциядан кейінгі тыртықтар үшін қосымша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.* | | |
| **13-БӨЛІМ. ҚОЛДАР: ШЫНТАҚ БУЫНЫ** | | |

| | | |
|---|---|---|
| **60** | Шынтақ буыны аймағының жарақаттары | |
| | а) сүйек фрагменттерінің, оның ішінде иық сүйегінің айдаршық сіңірінің үзілуі, кәрі жіліктің немесе шынтақ сүйегінің сынуы, тоқпан жіліктің шығып кетуі | 5 |
| | б) кәрі жілік пен шынтақ сүйектерінің сынуы | 10 |
| | в) иық сүйегінің сынуы | 10 |
| | г) иық сүйегінің кәрі жілік пен шынтақ сүйектерімен бірге сынуы. | 15 |
| *Ескертпе: Егер бір жазатайым оқиға нәтижесінде 60-бапта санамаланған әртүрлі дене жарақаттары туындаған жағдайда сақтандыру төлемі неғұрлым ауыр жарақатты ескеретін тармаққа сәйкес жүргізіледі.* | | |
| **61** | Салдарынан төмендегілерге әкеп соққан шынтақ буынының жарақаты | |
| | а) буында қозғалыстың болмауы (анкилоз) | 15 |
| | б) «алмалы-салмалы» иық буыны (оның құраушы сүйектерінің буын беттерін резекциялау нәтижесінде) | 25 |
| *Ескертпелер: 1. 61-бап бойынша сақтандыру төлемі, егер осы буындағы қозғалыстың бұзылуын медициналық мекеме жазатайым оқиғадан кейін 6 ай өткен соң анықтаған және осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда, шынтақ буыны аумағының зақымдануына байланысты жүргізілген сақтандыру төлеміне қосымша жүзеге асырылады.<br>2. Егер шынтақ буыны аумағының жарақатына байланысты операциялық араласулар жүргізілсе (бастапқы хирургиялық өңдеуді және бөгде денелерді алып тастауды қоспағанда), сақтандыру сомасының 10%-ы бір рет қосымша төленеді.* | | |
| **14-БӨЛІМ. ҚОЛДАР: ТОҚПАН ЖІЛІК** | | |
| **62.** | Буын аймағын қоспағанда, кез келген деңгейде тоқпан жілік сүйектерінің сынуы (жоғарғы, орта, төменгі үштен бір бөлігі) | |
| | а) бір сүйектің сынуы, шығуы | 5 |
| | б) екі сүйектің сынуы, бір сүйектің екі жерден сынуы | 10 |
| **63.** | Бітпеген сынықтың (жалған буынның) пайда болуына әкеп соққан тоқпан жіліктің сынуы | |
| | а) бір сүйектің | 13 |
| | б) екі сүйектің | 26 |
| *Ескертпе: 63-бап бойынша сақтандыру төлемі, егер жарақаттың бұл асқынуы медициналық мекемеде жазатайым оқиға басталғаннан кейін 9 ай өткен соң анықталса және осы мекеменің анықтамасымен расталса, тоқпан жіліктің жарақатына байланысты жүргізілген сақтандыру төлеміне қосымша жүзеге асырылады.* | | |
| **64.** | Келесілердің туындауына әкеп соққан жарақаттық ампутация немесе ауыр зақымдануы | |
| | а) тоқпан жілікті кез келген деңгейде ампутациялауға4 | 40 |
| | б) шынтақ буынындағы экзартикуляция | 50 |
| | в) тоқпан жілік деңгейіндегі жалғыз аяқ-қолды ампутациялау | 60 |
| *Ескертпелер: 1. Егер тоқпан жілік аймағының жарақатына байланысты операциялық араласулар жүргізілсе (бастапқы хирургиялық өңдеуді және бөгде денелерді алып тастауды қоспағанда), сақтандыру сомасының 10%-ы бір рет қосымша төленеді.<br>2. Егер сақтандыру төлемі 64-бап бойынша жүзеге асырылса, операциялық араласулар, операциядан кейінгі тыртықтар үшін қосымша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.* | | |

| | | |
|---|---|---|
| **15-БӨЛІМ. ҚОЛДАР: КӘРІ ЖІЛІК-БІЛЕЗІК БУЫНЫ** | | |
| **65** | Кәрі жілік-білезік буынының жарақаттары | |
| | а) тоқпан жіліктің бір сүйегінің сынуы, біз тәрізді өсіндінің (өсінділерінің) үзіліп кетуі, сүйек фрагментінің (фрагменттерінің)үзілуі | 5 |
| | б) тоқпан жіліктің екі сүйегінің сынуы | 10 |
| **66.** | Кәрі жілік-білезік буыны аймағындағы осы буынның қозғалуының болмауына (анкилоз) әкеп соққан жарақат | 15 |
| *Ескертпелер: 1. 66-бап бойынша сақтандыру төлемі, егер буында қозғалыстың болмауын жазатайым оқиға басталғаннан кейін 6 ай өткен соң медициналық мекеме белгілесе және осы мекеменің анықтамасымен расталса жүргізіледі.<br>2. Егер кәрі жілік-білезік буыны аумағының жарақатына байланысты операциялық араласулар жүргізілсе, сақтандыру сомасының 5%-ы бір рет қосымша төленеді.* | | |
| **16-БӨЛІМ. ҚОЛДАР: ҚОСПА** | | |
| **67.** | Білек сүйектерінің, бір қолдың алақан сүйектерінің сынуы: | |
| | а) бір сүйек (қайық тәрізді сүйектен басқа) | 2 |
| | б) екі және одан да көп сүйек (қайық тәрізді сүйектен басқа) | 5 |
| | в) қайық тәрізді сүйек | 5 |
| *Ескертпелер: 1. Егер қоспаның жарақатына байланысты операциялық араласулар жүргізілсе (бөгде заттарды бастапқы өңдеу мен алып тастауды қоспағанда), сақтандыру сомасының 5%-ы бір рет қосымша төленеді.<br>2. Білек сүйектері (алақан сүйектері) және алақан сүйектері бір жарақаттану нәтижесінде сынғанда (шығып кеткенде) сақтандыру төлемі әрбір дене жарақатын ескере отырып, жинақтау жолымен жүргізіледі.* | | |
| **68** | Салдарынан төмендегілерге әкеп соққан қоспаның жарақаты: | |
| | а) бір немесе бірнеше сүйектердің бітпеген сынуы (жалған буын) | 5 |
| | б) барлық саусақтардан айырылуы, білектің немесе алақан буынының алақан сүйектері деңгейінде ампутация | 50 |
| | в) жалғыз қоспаны ампутациялау | 60 |
| *Ескертпелер: 1. Егер жарақаттың бұл асқынуы медициналық мекемеде жазатайым оқиға басталғаннан кейін 6 ай өткен соң анықталған және осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда, қоспа сүйектерінің немесе алақан сүйектерінің бітпеген сынуына (жалған буынына) байланысты сақтандыру төлемі қосымша 68 а) бап бойынша жүзеге асырылады.<br>2. Егер сақтандыру төлемі 68 б) бап бойынша жүзеге асырылса, операциялық араласулар, операциядан кейінгі тыртықтар үшін қосымша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.* | | |
| **17-БӨЛІМ. ҚОЛДАР: ҚОСПА САУСАҚТАРЫ – БІРІНШІ САУСАҚ** | | |
| **69** | Салдарынан төмендегіге әкеп соққан саусақтың жарақаты: | |
| | а) саусақтың сынуы | 3 |
| *Ескертпелер: 1. Тырнақ жанындағы буылтықтың іріңді қабынуы (паронихия) сақтандыру төлемін жүзеге асыруға негіз бола алмайды.<br>2. Егер фаланганың (фалангтардың) сынуына байланысты операциялық араласулар жүргізілсе, сақтандыру сомасының 5%-ы бір рет қосымша төленеді.* | | |
| **70.** | Екі буында қозғалыстың болмауына әкеп соққан саусақтың жарақаты | 5 |

| | | |
|---|---|---|
| *Ескертпе: 1 саусақтың функцияларының бұзылуына байланысты сақтандыру төлемі, егер саусақтың буынында (буындарында) қозғалыстың болмауын жазатайым оқиға басталғаннан кейін 6 ай өткен соң медициналық мекеме белгілеген және осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда, оның жарақатына байланысты жүргізілген сақтандыру төлеміне қосымша жүргізіледі.* | | |
| **71** | Салдарынан төмендегілерге әкеп соққан саусақтың жарақаты: | |
| | а) фалангааралық буын деңгейінде ампутация (тырнақ фалангасының жоғалуы) | 5 |
| | б) негізгі фаланганың, алақан-фаланг буынының деңгейінде ампутация (саусақтан айырылу) | 15 |
| | в) саусақтың алақан сүйегімен немесе оның бір бөлігімен ампутациясы | 20 |
| *Ескертпе: Егер сақтандыру төлемі 71-бап бойынша жүзеге асырылса, операциялық араласулар, операциядан кейінгі тыртықтар үшін қосымша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.* | | |
| **18-БӨЛІМ. ҚОЛДАР: ҚОСПА САУСАҚТАРЫ – ЕКІНШІ, ҮШІНШІ, ТӨРТІНШІ, БЕСІНШІ САУСАҚТАР** | | |
| **72** | Салдарынан төмендегіге әкеп соққан саусақтың жарақаты: | |
| | а) бір саусақтың сынуы | 2 |
| | б) екі не одан көп саусақ фалангасының сынуы | 5 |
| *Ескертпелер: 1. Тырнақ жанындағы буылтықтың іріңді қабынуы (паронихия) сақтандыру төлемін жүзеге асыруға негіз бола алмайды.*<br>*2. Егер фаланганың (фалангтардың) сынуына байланысты операциялық араласулар жүргізілсе, сақтандыру сомасының 5%-ы бір рет қосымша төленеді.* | | |
| **73.** | Саусақтардың екі немесе үш буындарында қозғалыстардың болмауына әкеп соққан саусақ жарақаты | 5 |
| *Ескертпе: Саусақтың функцияларының бұзылуына байланысты сақтандыру төлемі, егер саусақтың буынында (буындарында) қозғалыстың болмауын жазатайым оқиға басталғаннан кейін 6 ай өткен соң медициналық мекеме белгілеген және осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда, оның жарақатына байланысты жүргізілген сақтандыру төлеміне қосымша жүргізіледі.* | | |
| **74** | Салдарынан төмендегілерге әкеп соққан саусақтың жарақаты | |
| | а) негізгі фаланга деңгейінде ампутация, саусақтан айырылу | 5 |
| | б) алақан сүйегімен немесе оның бір бөлігімен саусақтан айырылу | 10 |
| *Ескертпелер: 1. Егер сақтандыру төлемі 74-бап бойынша жүзеге асырылса, операциялық араласулар, операциядан кейінгі тыртықтар үшін қосымша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.*<br>*2. Қоспаның бірнеше саусақтары зақымдалған кезде сақтандыру төлемі әрбір дене жарақатын ескере отырып, жинақтау арқылы жүзеге асырылады. Алайда оның мөлшері бір қоспа үшін сақтандыру сомасы мөлшерінің 50%-ынан және екі қоспа үшін сақтандыру сомасы мөлшерінің 90%-ынан аспауы тиіс.* | | |
| **19-БӨЛІМ. ЖАМБАС** | | |
| **75** | Жамбас жарақаттары | |
| | а) бір сүйектің сынуы | 5 |
| | б) екі сүйектің сынуы немесе бір буынның жарылуы, бір сүйектің екі жерден сынуы | 15 |

| | | |
|---|---|---|
| | в) үш және одан да көп сүйектердің сынуы, екі немесе үш буынның жарылуы | 20 |
| *Ескертпе: Егер жамбас сүйектерінің сынуына немесе буындардың жарылуына байланысты операциялық араласулар жүргізілсе, сақтандыру сомасының 10%-ы бір рет қосымша төленеді* | | |
| **76** | Жамбас буындарында қозғалыстардың болмауына әкеп соққан жамбас жарақаттары | |
| | а) бір буында | 20 |
| | б) екі буында | 40 |
| *Ескертпе: Егер буында қозғалыстың болмауын медициналық мекеме жазатайым оқиға басталғаннан кейін 6 айдан соң анықтаған және осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда, жамбас буыны (буындары) функциясының бұзылуына байланысты сақтандыру төлемі жамбас жарақатына байланысты жүргізілген сақтандыру төлеміне қосымша 76-бап бойынша жүзеге асырылады.* | | |
| **20-БӨЛІМ. АЯҚТАР: ЖАМБАС БУЫНЫ** | | |
| **77** | Жамбас буынының зақымдануы | |
| | а) сүйек фрагментінің (фрагменттерінің) үзілуі, буын капсуласының жарылуы | 5 |
| | б) вертелдің (вертелдердің) оқшауланған үзілуі | 10 |
| | в) санның шығуы | 10 |
| *Ескертпелер: 1. Егер бір сақтандыру жағдайының нәтижесінде жамбас-сан буынының әртүрлі дене жарақаттары пайда болған жағдайда, сақтандыру төлемі неғұрлым ауыр дене жарақатын көздейтін тармақтардың біріне сәйкес төленеді. 2. Егер жамбас буынының жарақатына байланысты операциялық араласулар жүргізілсе, сақтандыру сомасының 10%-ы бір рет, қаңқа тарту арқылы консервативтік емдеу кезінде - 3% қосымша төленеді.* | | |
| **78.** | Салдарынан төмендегілерге әкеп соққан жамбас-сан буынының зақымдануы | |
| | а) жамбас мойнының бітпеген сынуы (жалған буын) | 20 |
| | б) эндопротездеу | 30 |
| | в) сан басының резекциясы нәтижесінде «алмалы-салмалы» буын | 40 |
| *Ескертпе: 1. 78-бапта санамаланған асқынуларға байланысты сақтандыру сомасы буын жарақатына байланысты төленген сақтандыру сомасына қосымша төленеді.*<br>*2. 78 а) бабы бойынша сақтандыру сомасы, егер буында қозғалыстың болмауын медициналық мекеме жарақаттан кейін 9 айдан соң анықтаған және осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда төленеді.* | | |
| **21-БӨЛІМ. АЯҚТАР: САН** | | |
| **79.** | Санның сынуы | |
| | а) буындар аймағын қоспағанда, кез келген деңгейде (жоғарғы, орта, төменгі үштен бір) | 25 |
| | б) қос сынық | 30 |
| **80.** | Сүйек фрагменттерінің үзілуін қоспағанда, бітпеген сынықтың (жалған буынның) пайда болуына әкеп соққан санның сынуы | 30 |
| *Ескертпелер: 1. Егер жамбас жарақатына байланысты операциялық араласулар жүргізілсе (бастапқы хирургиялық өңдеуді және бөгде денелерді алып тастауды қоспағанда), сақтандыру сомасының 10%-ы бір рет, қаңқа тарту арқылы консервативтік емдеу кезінде - 3% қосымша төленеді.*<br>*2. 80-бап бойынша сақтандыру сомасы егер мұндай асқыну жарақаттан кейін 9 ай өткен* | | |

| | | |
|---|---|---|
| *соң медициналық мекемеде анықталса және осы мекеменің анықтамасымен расталса, жамбас сынуына байланысты төленген сақтандыру сомасына қосымша төленеді.* | | |
| **81.** | Жамбастың кез келген деңгейінде аяқты ампутациялауға әкеп соққан жарақаттық ампутация немесе ауыр зақымдану | |
| | а) бір аяқ | 70 |
| | б) жалғыз аяқ | 100 |
| | **22-БӨЛІМ. АЯҚТАР: ТІЗЕ БУЫНЫ** | |
| **82.** | Тізе буынының жарақаттары | |
| | а) сүйек фрагментінің (фрагменттердің) бөлінуі, айдаршық сіңірінің (айдаршық сіңірлерінің) сынуы, асықты жілік шыбығының сынуы, тегіршіктің зақымдануы, тізе тобығының шығуы, буын капсуласының жыртылуы, байламдардың жыртылуы | 5 |
| | б) тізе тобығының, айдаршық аралық биіктіктің, айдаршықтың, тибиальды сүйектің проксимальді метафизінің, асықты жіліктің проксимальды метафизінің сынуы | 10 |
| | в) асықты жіліктің проксимальды метафизінің асық жілік шыбығының басымен сынуы | 12 |
| | г) сан айдаршығының сынуы, сирақтың шығуы | 15 |
| | д) дистальды жамбас метафизінің сынуы | 20 |
| | е) дистальді метафиздің, бір немесе екі асықты жілік сүйектерінің проксимальді бөлімдері бар сан айдаршығының сынуы | 25 |
| *Ескертпелер: 1. Тізе буынының әртүрлі зақымдануларын біріктірген кезде сақтандыру төлемі ең ауыр жарақатты көздейтін 82-баптың тармақшаларының біріне сәйкес бір рет жүргізіледі. 2. Егер тізе буынының жарақатына байланысты операциялық араласулар жүргізілсе (бастапқы хирургиялық өңдеуді және бөгде денелерді алып тастауды қоспағанда), сақтандыру сомасының 10%-ы бір рет қосымша төленеді.* | | |
| **83.** | Салдарынан төмендегілерге әкеп соққан тізе буынының аумағындағы жарақаттар | |
| | а) буында қозғалыстың болмауы | 15 |
| | б) буын бетін құраушы сүйектерді резекциялау нәтижесінде «алмалы-салмалы» тізе буыны | 30 |
| | в) эндопротездеу | 40 |
| Ескертпе: 83-бап бойынша сақтандыру төлемі осы буынның жарақатына байланысты жүргізілген сақтандыру төлеміне қосымша жүзеге асырылады. | | |
| | **23-БӨЛІМ. АЯҚТАР: СИРАҚ** | |
| **84.** | Сирақ сүйектерінің сынуы (буындар аймағын қоспағанда) | |
| | а) асық жілік шыбығы, сүйек фрагменттерінің үзіліп кетуі | 5 |
| | б) асықты жіліктің, асық жілік шыбығының қос сынығы | 10 |
| | в) екі сүйектің, асықты жіліктің қос сынығы | 15 |
| *Ескертпе: Егер жарақаттың нәтижесінде тізе немесе табан буындағы асықты жіліктің буынішілік сынуы және диафиз деңгейінде асық жілік шыбығының сынуы болса, сақтандыру төлемі 82 және 83-баптар немесе 87 және 88-баптар бойынша жинақтау жолымен жүргізіледі.* | | |
| **85.** | Сирақ сүйектерінің бітпей қалған сыныққа, жалған буынға әкеп соққан сынуы (сүйек фрагменттерін қоспағанда): | |

| | | |
|---|---|---|
| | а) асық жілік шыбығының | 5 |
| | б) асықты жіліктің | 15 |
| | в) екі сүйектің | 20 |
| *Ескертпелер: 1. 85-бап бойынша сақтандыру төлемі, егер мұндай асқынулар медициналық мекемеде жазатайым оқиғадан кейін 9 ай өткен соң анықталса және осы мекеменің анықтамасымен расталса, сирақ сүйектерінің сынуына байланысты жүзеге асырылған сақтандыру төлеміне қосымша жүргізіледі.<br>2. Егер сирақ жарақатына байланысты операциялық араласулар жүргізілсе (бастапқы хирургиялық өңдеуді және бөгде денелерді алып тастауды қоспағанда) бір рет қосымша сақтандыру сомасының 10%-ы, консервативтік емдеу кезінде - 3% төленеді.* | | |
| **86.** | Салдарынан төмендегілерге әкеп соққан жарақаттық ампутация немесе ауыр дене жарақаты | |
| | а) кез келген деңгейде сирақ ампутациясы | 40 |
| | б) тізе буынындағы экзартикуляция | 50 |
| | в) сирақтың кез келген деңгейінде жалғыз аяқтың ампутациясы | 70 |
| *Ескертпе: Егер сақтандыру төлемі сирақтың ампутациясына байланысты жүзеге асырылған болса, операциялық араласқаны, операциядан кейінгі тыртықтар үшін қосымша төлем жүргізілмейді.* | | |
| **24-БӨЛІМ. АЯҚТАР: ТАБАН БУЫНЫ** | | |
| **87.** | Табан буынының жарақаттары: | |
| | а) бір тобықтың сынуы, жілікаралық синдесмоздың оқшауланған жарылуы | 5 |
| | б) екі табанның сынуы немесе асықты жіліктің шетімен бір тобықтың сынуы | 10 |
| | в) асықты жіліктің шетімен екі тобықтың сынуы | 15 |
| *Ескертпелер: 1. Жілік аралық синдесмоздың үзілуімен, табанның шала таюымен (шығып кетуімен) қатар жүретін сирақ-табан сүйектерінің сынуы кезінде сақтандыру сомасының 5%-ы бір рет қосымша төленеді.<br>2. Егер сирақ-табан буыны аумағының жарақатына байланысты операциялық араласулар жүргізілсе (бастапқы хирургиялық өңдеуді және бөгде денелерді алып тастауды қоспағанда), сақтандыру сомасының 10%-ы бір рет, консервативтік емдеу кезінде - 3% қосымша төленеді.* | | |
| **88.** | Салдарынан төмендегілерге әкеп соққан табан буынының жарақаты: | |
| | а) табан буынында қозғалыстың болмауы | 15 |
| | б) «алмалы-салмалы» табан буыны (оның құраушы сүйектерінің буын беттерін резекциялау нәтижесінде) в) табан буынындағы экзартикуляция | 20 |
| | а) табан буынында қозғалыстың болмауы | 30 |
| *Ескертпе: Егер табан буынының жарақаттануы нәтижесінде 88-бапта санамаланған асқынулар пайда болса, сақтандыру төлемі неғұрлым ауыр салдарды ескеретін тармақтардың бірі бойынша жүзеге асырылады.* | | |
| **25-БӨЛІМ. АЯҚТАР: ТАБАН** | | |
| **89.** | Табан жарақаттары. | |
| | а) бір сүйектің сынуы (өкше және асықты сүйекті қоспағанда) | 2 |
| | б) екі сүйектің сынуы, асық сүйегінің сынуы | 5 |

| | | |
|---|---|---|
| | в) үш және одан да көп сүйектің сынуы, өкше сүйегінің сынуы, табанның асықасты шығып кетуі, табанның көлденең буынының (Шопар) немесе тілерсек-табан буынының (Лисфранка) шығып кетуі | 10 |
| *Ескертпе: Егер сүйектердің сынуына немесе шығып кетуіне байланысты операциялық араласулар жүргізілсе, сақтандыру сомасының 5%-ы бір рет қосымша төленеді.* | | |
| **90.** | Салдарынан төмендегілерге әкеп соққан табан жарақаты | |
| | а) бір-екі сүйектің (өкше және асық сүйектерін қоспағанда) біптей қалған сынуы (жалған буын) | 5 |
| | б) үш және одан да көп сүйектердің, сондай-ақ асық немесе өкше сүйегінің бітпей қалған сынуы (жалған буын) | 10 |
| | в) тілерсектің (Шопардың) көлденең буынының немесе тілерсек-табан буынының (Лисфранканың) бітпей қалған сынуы | 20 |
| | г) табан сүйек-бақайшақтар буындардың деңгейінде ампутация (аяқтың барлық саусақтарының болмауы) | 25 |
| | д) Табан және тілерсек сүйектерінің деңгейінде ампутация (аяқтың барлық саусақтарының болмауы) | 30 |
| | е) асық, өкше сүйектері деңгейіндегі ампутация (табаннан айырылу) | 35 |
| *Ескертпелер: 1. 90-бапта көзделген табан жарақатының асқынуларына байланысты сақтандыру төлемі, егер оларды медициналық мекеме жарақатқа әкеп соққан жазатайым оқиға басталғаннан кейін 6 ай өткен соң белгілеген және осы мекеменің анықтамасымен расталған жағдайда, табан жарақатына байланысты жүзеге асырылған сақтандыру төлеміне қосымша жүргізіледі.<br>2. Егер сақтандыру төлемі табанның ампутациясына байланысты жүргізілген жағдайда, операциялық араласулар, операциядан кейінгі тыртықтар үшін қосымша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.* | | |
| **26-БӨЛІМ. АЯҚТАР: ТАБАН САУСАҚТАРЫ** | | |
| **91.** | а) бір саусақтың | 3 |
| | б) екі-үш саусақтың | 5 |
| | в) төрт-бес саусақтың | 10 |
| *Ескертпе: Егер саусақтың сіңірлерінің сынуына, шығып кетуіне немесе үзілуіне байланысты операциялық араласулар жүргізілсе, сақтандыру сомасының 3%-ы бір рет қосымша төленеді.* | | |
| **92.** | Салдары ампутацияға әкеп соққан аяқ саусақтарының жарақаттық ампутациясы немесе жарақаты | |
| | а) екінші, үшінші, төртінші, бесінші саусақтардың негізгі фалангасының немесе табан сүйек-бақайшақтар буындарының деңгейінде | 5 |
| | б) негізгі фаланганың немесе табан сүйек-бақайшақтар буындарының деңгейінде бір-екі саусақ | 4 |
| | в) тырнақ немесе ортаңғы фаланг деңгейінде үш-төрт саусақ | 8 |
| | г) негізгі фаланганың немесе табан сүйек-бақайшақтар буындарының деңгейінде үш-төрт саусақ | 8 |
| *Ескертпе: Егер жарақатқа байланысты саусақтың табан сүйегімен немесе оның бір бөлігімен ампутация жүргізілсе, сақтандыру сомасының 5%-ы бір рет қосымша төленеді.* | | |
| **93.** | Салдарынан төмендегілерге әкеп соққан жарақаттар | |
| | а) лигатуралық жыланкөздердің пайда болуы | 3 |

| | | |
|---|---|---|
| | б) лимфостаз, тромбофлебит, трофикалық бұзылулар | 5 |
| | в) остеомиелит, оның ішінде гематогенді остеомиелит | 10 |

*Ескертпелер: 1. 93-бап тромбофлебит, лимфостаз және тірек-қимыл аппаратының жарақаты салдарынан пайда болған (ірі перифериялық тамырлар мен нервтердің дене жарақатын қоспағанда) және 3 айдан кейін пайда болған трофикалық бұзылулар үшін қолданылады.*
*2. Аяқтың саусақтарының іріңді қабынуы сақтандыру төлемі үшін негіз болмайды.*
*3. Ауруларға (диабеттік гангрена, тығындалған эндартериит, тамырлардың окклюзиясы ) байланысты аяқтың ампутациясы сақтандыру сомасын төлеу үшін негіз болмайды.*